# Сыр бойы

№179-180
(20253-20254)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

20 қараша, сенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz



2 Облыс әкімі «Қазақ радиосына» сұхбат берді

4 Акция Тәуелсіздікті дәріптейді

6 «Алаштың» асқақ арманы

8 Жадымда қалған Желтоқсан

**20 ҚАРАША**

• 1998 жылы Байқоңыр ғарыш айлағынан халықаралық ғарыш станцасының алғашқы модулі «Заря» функционалды жүк блогы ұшырылды.

• 2009 жылы «Астана-Бурабай» автомагистраль құрылысы аяқталды.

• 2012 жылы Қарағандыда Украина құрметті консулдығы ашылды.

• 2013 жылы Лондонда Қазақстан елшілігінің жаңа ғимараты ашылды.

• 2014 жылы ҚР Ұлттық музейінде қазақ археология мектебінің негізін қалаушылардың бірі, белгілі ғалым Кемел Ақышевке арналған «Ұлы даланың кемеңгер ғалымы» көрмесі ашылды. Ғалымның атағы Есік қорғанын ашу арқылы кеңге жайылды. Қорғаннан табылған «Алтын адам» тәуелсіз Қазақстанның символдарының біріне айналды.

• 2018 жылы қазақстандық әнші Данелия Төлешова «Junior Eurovision» ән байқауына қатысушылармен бірге Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенконың қабылдауында болып, оған кәдесый – үйді тіл-көзден сақтайтын тұмар сыйлады.

• 2019 жылы Алматыда Денис Тен атындағы шәкіртақы тағайындалып, Қазақстан-Британ техникалық университетінің үздік үш студенті марапатталды.

**21 ҚАРАША**

• 2005 жылы қазақстандық «Қазақстан-Антарктида-2005» спорттық экспедициясының командасы Жердің ең суық құрлығындағы екінші шыңды бағындырып, оған Қазақстанның астанасы құрметіне «Астана» деген ат қойды.

• 2006 жылы Жидебай шатқалында Семей облысындағы Абайдың мемлекеттік әдеби-мемориалдық кешені құрылымының бір бөлігі, ақын, атақты философ, талантты композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының республикадағы тұңғыш мұражайы ашылды.

• 2008 жылы Стамбулда Парламент төрағаларының конференциясында Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия арасында Түркітілдес елдердің Парламенттік Ассамблеясын (ТүркПА) құру туралы келісімге қол қойылды.

• 2012 жылы «Алтын адам-2012» сыйлығында жылдың үздік дәрігері номинациясында халықаралық дәрежедегі кардиохирург Юрий Пя жеңімпаз атанды.

• 2016 жылы Қазақстан Республикасында баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша «111» тегін желісі жұмыс істей бастады.

• 2018 жылы Бакуде Әзербайжан-Қазақстан жастар форумы ашылды.


БАСПАСӨЗ – 2022

Құрметті оқырман

2022 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы:
жекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге.
Мекемелер үшін: 6 айға – 4500 теңге.

ПРЕЗИДЕНТ

## «Қарыз жүктемесіне бақылау жасау маңызды»

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматы қаласына жұмыс сапары қаржы секторы өкілдерімен кездесуден басталды. Мемлекет басшысының Алматыдағы резиденциясында өткен жиынға Президент Әкімшілігінің басшылық құрамы, мемлекеттік органдардың, ірі қаржы құрылымдары мен банктердің басшылары қатысты.**

Қасым-Жомарт Тоқаев мұндай құрамдағы кездесудің алғаш рет өткізіліп отырғанына назар аударды. Жиынды өткізуге еліміздің қаржы секторында шешілуге тиіс қордаланып қалған мәселелер түрткі болған.

Президент ең алдымен, қаржы секторының тұрақтылығына тоқталды. Сондай-ақ бүгінде қаржы секторының дәрменсіз банктерден арылғаның, ал сауықтыру аясында 6,6 триллион теңгеге жуық нашар несиелер есептен шығарылғанын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, өтеу мерзімі 90 күннен асқан қарыздардың деңгейі банктердегі несие портфелінің 4,3 пайызын құрайды. Бұл – соңғы 13 жылдағы ең төменгі көрсеткіш. Осыдан қорытынды шығарып, жинаған тәжірибе негізінде жиі қайталанатын тәуекел-қатерлердің алдын алу шараларын күшейту қажет екеніне тоқталды.

Президенттің айтуынша, банктер мемлекеттік қолдаудың арқасында бүгінде экономиканы несиелеу бойынша зор әлеуетке ие болып отыр. Банк жүйесіндегі өтімділігі жоғары активтердің көлемі – 12,2 триллион теңге.

– Биыл тұрғындар сұранысының белсенді түрде қалыпқа келе бастағанын байқап отырмыз. Тұтынушылық несие 32,8 пайызға артқан. Несие алушылар 6,1 миллион адамға жетті. Бәлкім, бұл – қалыпты үдеріс. Алайда азаматтарымыздың қарыз жүктемесіне тиімді бақылау жасау маңызды. Қазіргі уақытта 545 мың адамның қарызын өтеу мерзімінің кешеуілдеуі 90 күннен асқан. Мәселе еліміздің қаржы тұрақтылығына төнген тәуекел-қатерде ғана емес. Бұл көптеген азаматтарымыздың қаржы тапшылығымен бетпе-бет келгенін білдіреді. Бұл әлеуметтік және саяси тұрақсыздыққа алып келуі мүмкін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы борышкерлерге қатысты қаржы нарығындағы өкілдердің шектен шығу әрекеттеріне тоқталды.

– Несие мекемелерінің басшыларына ішкі рәсімдерді күшейту мәселесін пысықтауды, сондай-ақ жекелеген қызметкерлер мен сырттан тартылатын коллекторлардың қызметтерін асыра пайдалануға жол бермеу тетіктерін қарастыруды тапсырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент шағын және орта бизнесті несиелеу, оның ішінде ауылдардағы кәсіпкерлік бастамаларды дамыту еліміздің қаржы секторының басты басымдығы болуы керек деп есептейді. Тұрақты және арзан қор жасау көздерінің жоқтығы – микроқаржыландыру нарығындағы негізгі мәселенің бірі.

Тағы бір өзекті міндет – ұлттық қор нарығын дамыту. Отандық қор нарығы тұрғындардың қаражатын жинайтын сенімді баламалы құралға айналуы қажет. Мемлекет басшысы қаржы секторын цифрландыруды дамыту маңызды екеніне назар аударды. Цифрлық валюталарды айналымға енгізуге, сондай-ақ криптовалюта нарығын дамытуға, қаржы секторын климат жөніндегі күн тәртібінің талаптарына бейімдеуге қатысты мәселеге, Атом энергетикасын дамытудың өзектілігіне арнайы тоқталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласына жұмыс сапары аясында жаңадан ашылған Әлеуметтік қызмет көрсету үйіне барды.

Президент қызмет көрсету залын аралап көріп, орталықтың күнделікті атқарып жатқан жұмыстарымен танысты. Мемлекет басшысына мекеменің республика бойынша әзірге жалғыз әлеуметтік орын екені және осы тәжірибені ел көлемінде қолданысқа енгізу қарастырылып жатқаны жөнінде мәлімет берілді. Бұл мекеме халықтың әлеуметтік жағдайы төмен топтарына, тұрмыстық мәселелерімен жүгінген азаматтарға «бір терезе» қағидаты бойынша түрлі салада қызмет көрсетеді. Аталған орталыққа тіршілік тауқыметін тартқан, отбасылық келіспеушілік пен қиындықтар көрген азаматтар жүгінетіні ескеріліп, онда адвокат, психолог бөлмелері ашылған. Сондай-ақ мұнда балаларымен келген қонақтарға ыңғайлы болу үшін ойын алаңы да қарастырылған.

Президент Алматы қаласына жұмыс сапары аясында 1970 жылы өзі бітірген Ілияс Есенберлин атындағы №25 мектеп-гимназиясына барды.

Мемлекет басшысы заманауи интерактивті оқу құралдарымен жабдықталған кабинеттерді, акт залы мен мектеп кітапханасын аралап көрді. Кезінде өзі оқыған сыныпқа кірді. Қазіргі уақытта бұл кабинетте француз тілі оқытылады.

Бұдан бөлек Мемлекет басшысы мектеп тарихына арналған музейдің экспозициясымен танысты. Онда оқу ордасының өткені туралы түрлі архив құжаттары, белгілі түлектердің өмірбаяндары мен фотосуреттері жинақталған. Содан кейін Президент мектеп кітапханасындағы Құрметті қонақтар кітабына қолтаңба қалдырды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 1970 жылы 10 «В» сыныбының атынан өзі жазған хат көрсетілді. Бұл хат уақыт капсуласына салынып, мектеп қабырғасына қаланған екен. «Біздің атқарған ісіміз аз емес, дегенмен әлі де жұмыс көп. Біз 10-сыныпты жақсы бітіруге уәде береміз. Институтқа түсу емтихандарын жақсы тапсыруға уәде береміз. Ал оны бітірген соң жұмыс істейміз. 2017 жылы 64-65 жасқа толған кезімізде сіздердің көздеріңізге тік қарауға ұялмайтындай болып келуге уәде береміз», – деп жазылған хатта.

Дәстүрді жалғастырған 11-сынып оқушылары Мемлекет басшысымен бірге 2050 жылға арналған хатты уақыт капсуласына салып, мектеп қабырғасына қойды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Айтқали Жақұтов атындағы екінші жылу электр станциясында болды. Станция аумағында жаңадан салынатын қуаты 600 МВт болатын бугаз қондырғысының құрылысына дайындық жұмыстарымен танысты.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқарма төрағасы Алмасадам Сәтқалиев Президентке қалалық энергетика кешенін жаңғырту нәтижесінде ауаға тарайтын зиянды қалдықтар 2026 жылға қарай жылына 50,4 мың тоннадан 6,7 мың тоннаға дейін азаятыны туралы мәлімет берді.

Содан кейін энергия кешеніне ауқымды жаңғырту жұмыстарының басталғанын білдіретін естелік капсуласын қоюдың салтанатты рәсімі өтті. Президент шараға қатысушылардың алдында сөйлеген сөзінде жаңа қондырғының құрылысы бүкіл қалалық энергетика кешенін жаңғырту жұмыстарының басталғанын білдіретінін атап өтті.

2-бет

ОРТАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІ

## ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ СЫРДЫҢ СЕРПІНІ

**Бейсенбі күні облыс әкімі Гүлшара Әбдікәлықова Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арнап баспасөз мәслихатын өткізді. Онда Мемлекет басшысының халыққа Жолдауынан туындайтын міндеттердің орындалуы, облыстық әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы айтылды. БАҚ өкілдерінің сауалдарына жан-жақты жауап берілді. Облыс әкімінің баспасөз мәслихатындағы сөйлеген сөзі оқырман назарына ұсынылып отыр.**

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауынан туындайтын негізгі міндеттерді орындау аясында Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы айтып өтейін.

Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде Сыр елі қарқынды дамып, индустриалды-аграрлық өлкеге айналды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың стратегиялық бағыттағы тапсырмаларына сәйкес бұл жылдары өңір экономикасына 4 трлн теңгеден астам инвестиция тартылды. Жалпы өңірлік өнімдегі өнеркәсіп өндірісінің үлесі 1991 жылғы 11 пайыздан 30 пайызға дейін, ал ауыл шаруашылығының үлесі соңғы 10 жылда 3,9 пайыздан 6,3 пайызға дейін артты.

Күріштің өнімділігі мен жалпы алынған өнімі бүгінде 1991 жылғы көрсеткіштерден 1,5 есеге өсті.

Өніміміз жұмыс жасап тұрған шағын және орта бизнес субъектілері санының өсу қарқыны бойынша елдегі үздіктердің қатарында (облыс-106,6%, республика-104,5%).

30 жыл ішінде 8 млн шаршы метрге жуық тұрғын үй пайдалануға берілді. Берілген тұрғын үйлердің көлемі 1991 жылғы 260 мың шаршы метрден бүгінде 600 мың шаршы метрге дейін жетті.

Халықтың 97 пайызы орталықтандырылған ауызсумен қамтылған. Бұл жоғарғы көрсеткіштердің бірі.

Жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 2,5 есеге артқан (31%-дан 75%-ға дейін).

Жүздеген әлеуметтік нысан бой көтерді, оның ішінде облыстық медициналық, диагностикалық, перинаталдық, мүгедектерді оңалту және тағы басқа орталықтар бар.

Спорт инфрақұрылымы нысандарының саны 3 есеге, ал денешынықтыру және спортпен шұғылданатындар саны 6 есеге артты.

30 жыл ішінде 500 мыңнан астам бала дүниеге келсе, халықтың саны 592 мыңнан 824 мыңға дейін көбейіп, ал өмір сүру ұзақтығы 8 жылға артқан (64,4 жастан 72,79 жасқа дейін).

2-бет

СЫР МАҚТАНЫШЫ

**Кеше Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында ақын, әнші-композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Елена Әбдіхалықованың әндерін орындаушылардың «Жасай бер, Қазақ елі!» атты бірінші республикалық әншілер конкурсының гала концерті өтті.**

## «Жасай бер, Қазақ елі!»

Шарада облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет құттықтау сөз сөйлеп, Еленаның әндері мен өлеңдері туған жерге құрмет пен сүйіспеншілікке толы екенін, өнер әлеміне өзіндік өрнек салған композитордың айрықша қолтаңбасын атап өтті. Елена Мәжитқызына шығармашылық табыс тілеп, облыстың Құрмет грамотасын тапсырды. Мұнан соң Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың құттықтау хаты оқылды.

Алдымен көрерменге мәдениет майталманы туралы бейнеролик көрсетілді. Сахна төріне шыққан кеш иесі жас талант Дінмұхаммед Төлеубаймен бірге «Сыр елім» әнін орындады.

Концертте Жұбаныш Жексенұлы, Дәурен Сейтжанов, конкурс жеңімпаздары мен ақындар Толқын Қабылша, Асылзат Арыстанбек, сондай-ақ, қалалық жастар театрының артистері өнер көрсетті.

Айта кетейік, республикалық байқау 18 қараша күні басталды. Ал кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде Елена Әбдіхалықова мен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов БАҚ өкілдеріне арнап баспасөз конференциясын өткізді. Бұл туралы толығырақ 8-беттен оқи аласыздар.

## «Pfizer» вакцинасының тиімділігі қандай?

**2021 жылдың 19 қарашасындағы мәліметке сүйенсек, облыс бойынша 722 адам «Pfizer» вакцинасын салдырды. Оның ішінде 122 жүкті, 80 лактация кезеңіндегі әйел бар. Ал өңірде ата-анасының рұқсатымен 12-17 жас аралығындағы 520 жасөспірім екпе қабылдады.**

Sb **Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»**

Бүгінгі күндері облысқа «Pfizer» вакцинасының 23400 дозасы жеткізілген. Мамандардың айтуынша, ол 12-18 жастағы жасөспірімдерге, 16-37 апта аралығындағы жүкті әйелдер мен босанғанына 42 күн болған бала емізетін әйелдерге арналған. Бұл мақсатта ата-анасының рұқсаты алынған. Айта кетерлігі, екпе ата-анасының рұқсаты бойынша жасөспірімнің өз қалауымен жүргізілуде.

7-бет

### ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 7 сессиясы 2021 жылғы 25 қарашада сағат 11:00-де облыстық мекемелер Үйінің (Бейбарыс Сұлтан к., 1) мәжіліс залында ашылады.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №519 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.

2. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы 25 қарашада сағат 09:30-да өткізіледі.

**Облыстық мәслихат**

# «Қарыз жүктемесіне бақылау жасау маңызды»

Мемлекет басшысы «Самұрық-Қазына» қорының төрағасы мен қала басшылығына, сондай-ақ ЖЭО қызметкерлеріне барлық жұмысты мерзімінде және сапалы орындауға шақырды. Сонымен қатар аталған өнір еліміздің негізгі экономикалық орталықтарының бірі болғандықтан, бұл жұмыстардың аса маңызды екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы жобаның ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында жүзеге асырыла бастауының символдық мәні бар екенін айтты.

– Бұл бастама Алматының жасыл әрі таза қала деген бұрынғы мәртебесін қайтарып, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыратынына сенімдімін, – деді Президент. Шара соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ЖЭО-2 жұмысшыларымен әңгімелесіп, оларды бүгінгі айтулы оқиғамен құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласындағы жаңадан ашылған Қарағайлы саябағын аралап көрді. Президентке Алматы қаласын көркейтуге бағытталған алдағы жұмыс жоспары мен көгалдандыру ісінің ауқымы туралы есеп берілді. Мемлекет басшысына «Жасыл Алматы» бағдарламасы аясында қала бойынша 3 жылда 1 миллион түп көшет отырғызу жоспарланғаны жөнінде баяндалды. Биыл 350 мың көшет егу жоспарланып отыр. Алдағы уақытта саябақтың аумағын 63 гектарға дейін кеңейту көзделіп отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Іле Алатауы табиғи паркі мен Алматы қорығы аумағында саяхатшылар мен альпинистердің қауіпсіздігі мен жайлы демалысы үшін салынған шағын үйлер көрсетілді. Олар жылыту пештерімен және төтенше жағдайда қажетті құтқару құралдарымен жабдықталған. Мемлекет басшысы қала тұрғындары мен қонақтардың жайлы демалуына, қауіпсіздігіне және қоршаған ортаның тазалығына баса мән берілген жұмыстардың жалғаса беретініне сенім білдірді.

– Мен Қазақстан бойынша 2 миллиард түп көшет отырғызу бастамасын ұсындым. Өйткені біз, шын мәнінде, көгалдандыруға зәруміз. Алматы бұрын жасыл қала еді. Өкінішке қарай, қазіргі кезде бұл мәртебесін жоғалтып алды. Айырылып қалған мәртебемізді қайтаруымыз керек. Ағаш егу – биік мәдениеттіліктің белгісі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

1-бет

**Облыс әкімі Гүлшара Әбдікәлықова Қазақ радиосының «Арнайы шығарылым» бағдарламасына сұхбат берді. Аймақ басшысы тікелей эфирде жүргізілген сұхбатта бас редактор Дулат Абибуллаевтың сауалдарына жауап беріп, аймақтың 30 жыл ішіндегі жетістіктері мен даму динамикасын сөз етті.**

# Облыс әкімі «Қазақ радиосына» сұхбат берді

Өңір басшысы алдымен барша радио тыңдармандарын Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойымен құттықтап, әрбір тұрғынға табыс пен бақ-береке тіледі.

Сұхбатта Сырдария өзеніндегі су деңгейінің төмендеуі, қуаңшылық жағдайынан шығудың амалдары, «Қараөзек» су қоймасын салу жұмыстарының негізгі мәселелері бойынша сауалдарға нақты жауап берілді. Сондай-ақ, жолда жиі жүретін радио тыңдарман қауым үшін елеулі жаңалық – «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолын жөндеуге қатысты автожолдың қайта жаңғыртудан өтетіні айтылды.

– Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолын жөндеу бойынша Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕБРР) Қызылорда облысының аумағында 219 шақырымды құрайтын автожолды реконструкциялаудан өткізуге қажетті қаражатты бөлуге келісімін берді. Жобаның жалпы сметалық құны – 106,6 млрд теңге. Бүгінгі күні жобаға мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізілуде. Жобаның құрылыс-монтаж жұмыстарын 3 жыл мерзімде жүргізу белгіленген және шамамен 2,5 мың адамды жұмысқа тарту жоспарда бар, – деді облыс әкімі.

Тікелей эфир соңында облыс басшысы аймақтағы індетпен күрес амалдары, вакцинациялау қарқыны бойынша көрсеткіштерді атап өтті. Сонымен бірге «Pfizer» вакцинасының жеткізілуі мен оны салдырудағы белсенділік айтылды.

Бүгінгі күні жалпы вакцинаға жататын облыс тұрғындарының 86,2% вакцинаның бірінші компонентін, 72,5% екінші компонентін алған. «Pfizer» вакцинасының 23400 дозасы өңірге жеткізілді. Барлығы 97 мың доза жеткізу көзделіп отыр. Аймақта дәрі-дәрмекке қатысты мәселе жоқ.

# ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ СЫРДЫҢ СЕРПІНІ

Экономикамен қатар, азаматтық қоғамда ілгері дамып келеді. Еліміз Тәуелсіздік алған жылдары облыста 15-тен аса қоғамдық ұйымдар тіркелсе, бүгінгі таңда олардың саны 994-ке жетті.

2016 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа 450 млн теңге бөлінсе, биылғы жылы 125 жобаға 1 млрд-тан аса қаржы бөлінді (48 пайызға көп).

Өңірді тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамыту жұмыстары жалғасуда.

Облыс «жасыл аймақта» болғанына қарамастан, коронавирустық инфекцияны тежеу негізгі бағыттардың бірі болып қалуда.

Бүгінгі күні вакцинациялауға жататын облыс тұрғындарының 86,2%-ы (452 мыңнан 389954 адам) вакцинаның бірінші компонентін алса, 72,5%-ы екінші компонентін (328189 адам) алды.

Жыл басынан бері егу кабинеттерінің саны 34-тен 106-ға дейін артты.

Үй жағдайында қызмет көрсететін 39 мобильді, 167 мониторингтік топ жұмыс жасауда (15363 объект тексеріліп, 52 млн теңге болатын 799 бұзушылық анықталды).

«Pfizer» вакцинасын егуді 15 қарашадан бастадық. Бүгінде 23400 дозасы өңірге жеткізілді (талаптарға сәйкес 2 мұздатқыш камера сатып алынды, жақын арада тағы 10 камера мен 20 термоконтейнер жеткізілетін болады). Барлығы 97 мың доза жеткізу көзделіп отыр.

Аймақ басқа жедел респираторлық-вирустық инфекциялармен (ОРВИ) күресуге дайын, дәрі-дәрмекке қатысты мәселе жоқ.

Бүгінде өңірде бірқатар көрсеткіштер бойынша оң динамикаға қол жеткіздік.

9 айдың қорытындысымен өнеркәсіп өнімі өндірісі (0,5%-ға), оның ішінде өңдеу саласы (12,6%-ға), сондай-ақ, ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі көбейді (2,3%-ға). Жұмыс жасап тұрған шағын және орта бизнес субъектілері саны өсіп (6,6%-ға, 47,4 мыңнан 50,6 мың бірлікке дейін), құрылыс жұмыстары (2,4%-ға) мен пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі де артты (3,5%-ға).

Биыл 2408 пәтерлік 110 тұрғын үйлердің құрылысы жүруде, оның ішінде Байқоңыр қаласында 250 пәтерлік 5 тұрғын үй бар. Жыл аяғына дейін 1608 пәтерлік 94 тұрғын үй пайдалануға берілетін болады.

Облыс экономикасына (0,1%), оның ішінде өңдеу өнеркәсібіне тартылған инвестиция көлемі артты (2,6 есе).

Жұмыс жасап тұрған кен орындарының сарқылуына байланысты мұнай өндіру көлемі қысқаруда (92,1%). 2007 жылы өңірде ең жоғары өндіру көлемі 11,7 млн тоннаны құрады. Ағымдағы жылы болжам бойынша 4,2 млн тонна мұнай өндіріледі.

Жаңа кен орындарын іздеу мақсатында биыл Арал теңізі акваториясының «Батыс» және «Шығыс» учаскелерін, сондай-ақ, Сырдария шөгінді бассейні аумағының бір бөлігін сейсмикалық барлау бойынша жобасметалық құжаттама әзірлеу аяқталады. 2022 жылы сейсмикалық барлау жұмыстары басталатын болады.

Индустрияландыру бағдарламасының үшінші бесжылдығы (2020-2025 жж.) аясында құны 543 млрд теңгеден асатын 46 инвестициялық жобамен жұмыс жүргізудеміз, бұл өз кезегінде 7 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Биыл құны 45 млрд теңгені құрайтын, қолданысқа түскенде 500-ге жуық жұмыс орны ашылатын 4 жобаны іске қосу жоспарлануда. Олардың қатарында Қызылорда қаласындағы шыны зауыты бар.

Сонымен қатар, осы жылы Жаңақорған ауданында «Шалқия» кен орнында тау-кен байыту комбинатының (235 млрд теңге) және Арал ауданында кальцийленген сода зауытының (93,5 млрд теңге) құрылысын бастау дайындықтары жүргізілуде.

Шиелі ауданында «Баласауысқандық» ванадий кен орнын игеру жұмыстары жалғасуда, осы жылдың желтоқсан айынан бастап ферромолибден өнімін өндіруді бастаймыз.

Суармалы сумен байланысты проблемаларды ескере отырып, біз ауыл шаруашылығы өндірісін, әсіресе, егіншілікті әртараптандыруды және су ресурстарын тиімді пайдалануды мақсат етіп қойдық.

Мемлекет басшысының Жолдауына сәйкес «Қараөзек» су қоймасын салу басталады (жалпы көлемі 775 млн текше метр).

Топырақтың қатты тұзденуына байланысты біз суармалы жерлерде басқа дақылдарды тек күріштің ауыспалы егісінде сәтті өсіре аламыз. Сондықтан күріш егісін қысқарта отырып, күріш өсірудің тиімділігін арттыруға жұмыс жасаудамыз. Биыл күріш егісін 89,5 мың гектардан 83,6 мың гектарға дейін қысқарттық. Су тапшылығына қарамастан өткен жылғы деңгейде (550 мың тонна) – 500 мың тонна (орташа өнімділік 59,8 ц/га) өнім алдық. Алдағы уақытта егін алқаптарын 80 мың гектарға дейін қалыптастыруды жоспарлап отырмыз, бұл ретте ылғал аз қажет ететін дақылдар – соя, жүгері, майлы (мақсары, соя, күнбағыс) және жемшөптік дақылдар (жоңышқа, сүрлем, жемдік асқабақ) егістігін ұлғайтатын боламыз.

Сонымен қатар, суландырудың ылғал үнемдеу технологияларын – аквагельдерді, жаңбырлатып суаруды, көшет әдісін енгізудеміз.

Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде мал шаруашылығында бүгінде мал саны 1991 жылғы деңгейден асып отыр (ірі қара мал басы – 223,1 мың бастан 342,4 мың басқа дейін, жылқы – 71,3 мың бастан 164,7 мың басқа дейін, түйе – 26,0 мың бастан 51,5 мың басқа дейін). Жайылымдық жерлердің тиімділігін арттыруға және шалғайдағы мал шаруашылығын дамытуға ерекше назар аударудамыз. Ол үшін пайдаланылмаған жайылымдардағы 452 су көзін жөндеуді жоспарлап отырмыз, бұл шамамен 1,7 млн гектар жерді пайдалануға мүмкіндік береді (қазіргі таңда 296 су қондырғыларын құжаттандыру жүргізілуде. Бұл жұмыстарға биыл облыстық бюджеттен 39,2 млн теңге бөлінді).

Жалпы, осы жылы жоспарға сай ауыл шаруашылығы айналымына 60 мың га жерді алу жоспарланса, оның 56,5 мың гектар жері алынды.

Құрғақшылық салдарынан Арал ауданында малдың жаппай қырылуы бізге елеулі сынақ болды. Суармалы судың жетіспеуіне байланысты төтенше жағдай жарияланды. Жедел шаралар нәтижесінде жағдай тұрақталды. Малшыларға көмек ретінде жем-шөппен қамтамасыз етуге, сондай-ақ, суат мәселесін шешуге, жайылымдарды, шабындықтарды суару және көл жүйелерін суландыру мәселелерін шешуге 600 млн теңге бөлінді.

Балық шаруашылығын дамытудың 2030 жылға дейінгі өңірлік бағдарламасы іске асуда. Ол тауарлық балық көлемін 16 мың тоннаға дейін жеткізе отырып, 100 есеге ұлғайтуға мүмкіндік береді, ал балық өнімдерінің экспорты 2 есе – 8,5 мың тоннаға дейін өседі.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында Тұрақтандыру қоры жұмыс жасауда (жыл басынан бері облыстық бюджеттен 3124 тонна өнім сатып алуға 900 млн теңге бөлінді), айналым схемасы бойынша қарыз қаражаты берілуде. Соңғы 2 жылда осы схема бойынша 15 кәсіпкерлік субъектісіне 1083 млн теңге бөлінді (кәсіпкер қарыз есебінен халықты нарықтық бағадан төмен бағамен азық-түлікпен қамтамасыз етеді, сондай-ақ, облыстың кез келген ірі дүкенінде өзінің әлеуметтік бұрышын аша алады. Қарыз қаражаты тауар өндірушілерге ауыл шаруашылығы өнімдерімен не оны қайта өңдеу өнімдерімен қамтамасыз ету үшін тікелей де беріледі. Субъект алған қарызын «Байқоңыр» ӘКК-ге кері қайтарады).

Жыл бойы тұрақты түрде 36 ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізілді (азық-түлік тауарлары нарық бағасынан 15-20% төмен бағамен сатылды). Азық-түлік тауарларын өндірушілер және сауда субъектілерімен бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу туралы 300-ге жуық меморандумға қол қойылды, сондай-ақ, өндірушілер, көтерме жеткізушілер және ірі сауда желілерімен (4-өндірушімен, 4-сауда желісімен, 5-көтерме жеткізушімен) 13 монополияға қарсы комплаенс жасалды.

Нәтижесінде әлеуметтік маңызы бар тауарларға баға индексі бүгінде орташа республикалық деңгейден аспайды (облыс – 100,2%, ҚР – 100,2%).

Жұмыссыздық деңгейі 4,9% (ҚР – 4,9%) құрайды. Жыл басынан бері 27 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды (27549), оның 14114-і тұрақты. Оның ішінде жұмыспен қамту орталықтары арқылы 849 мүмкіндігі шектеулі адам жұмыспен қамтылды, оның 306-сы тұрақты жұмыс орындарына орналастырылды. Биыл мүгедектерді әлеуметтік қолдауға барлығы 1,8 млрд. теңге бөлінді (РБ – 875,2 млн теңге, ЖБ – 924,6 млн теңге).

Шағын орта бизнесті дамыту мақсатында Қызылорда облысының 2023 жылға дейінгі экономикалық даму Картасын жүзеге асыру жалғасуда. Бүгінгі күні жалпы құны 9,5 млрд теңгеге 163 жоба (1,5 мың жұмыс орны құрылған) іске қосылды, оның ішінде биылғы жылы 74 жоба (2,3 млрд теңге), 426 жұмыс орны құрылды.

Қой, сиыр және жылқы етінен жасалған консервілер, күріш, қарақұмық ботқасы, жантақ балы, қауыннан жасалған чипсы және тағы басқалары өндірілуде.

Несие алу көлемі жыл сайын ұлғаюда. Биылғы жылы «Бизнестің жол картасы 2025» және «Еңбек» мемлекеттік бағдарламалары аясында және «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы жалпы құны 30 млрд теңгеге 2605 жоба қаржыландырылды (2020 ж – 23,4 млрд теңгеге 1659 жоба). Бизнеске жастардың белсенділігі артуда.

Ішкі нарықты өз өнімдерімізбен толықтыру мақсатында 2 пайызбен несиелеу бағдарламасын іске қостық. Ол мақсатқа облыстық бюджеттен 400,0 млн теңге бөлінді (348 млн теңгеге 14 жоба қаржыландырылды).

Кәсіпкерлікке көпбалалы аналарды қамтып отырмыз (олардың саны 26 мыңнан астам).

Мемлекеттік қолдау шаралары нәтижесінде шағын және орта бизнестің жалпы өңірлік өнімдегі үлесі 17 пайызға жетті.

Үкіметтің қолдауымен инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту мәселелерін шешудеміз.

Бүгінде облыс халқының 97 пайызы орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілсе, 65 пайызы табиғи газды тұтыну мүмкіндігіне ие. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 67,4 пайызға жеткіземіз.

Жақсы жағдайдағы жолдардың үлесін жыл аяғына 75 пайызға дейін жеткіземіз.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында «Халық қатысатын бюджет» жобасы қарқын алуда. 2020 жылы қала аумағын суару және көгалдандыру жобасын жүзеге асырдық (10 млн теңге). Биыл балалар және баскетбол алаңдарын жөндеу, сонымен қатар, арық жүйесін қалпына келтіру бойынша 2 жобаны іске асыру мақұлданды (19,7 млн теңге).

Экологияны сақтау мақсатында санитарлық тазалауға қатысты рейдтер жүруде, 2018 жылдан бері «Қызылорда ЭКО-патруль» жобасы жұмыс жасап, оған еріктілерді де тартудамыз.

Білім беру саласында жаңа оқу жылы санитарлық нормаларды сақтай отырып, дәстүрлі форматта басталды.

1 қыркүйекке 748 орындық 3 мектеп пайдалануға берілді (Арал ауданы Сексеуіл кентінде 300 орындық, Қызылорда қаласының Саяхат ауданында 348 орындық және Шұғыла ауданында 100 орындық), оның ішінде 2 мектеп 448 орындық жеке меншік мектептер (Қызылорда қаласының Саяхат ауданында 348 орындық және Шұғыла ауданында 100 орындық). Жыл соңына дейін 900 орындық тағы 2 мектепті тапсыруды жоспарлап отырмыз, оның біреуі апаттық мектептің орнына (Жаңақорған кентіндегі 600 орындық №169).

Инклюзивті білім беруді дамыту үшін 47 мектепке дейінгі ұйымдарда, 27 мектепте инклюзив кабинеттері ашылуда.

Балалардың қауіпсіздігі мақсатында мектептер бейнебақылаумен қамтамасыз етілген.

Полицияның сервистік моделін енгізу бойынша Қарағанды облысының тәжірибесін зерделеудеміз, келер жылы оны енгізетін боламыз.

Елбасының тапсырмасына сәйкес биыл Қызылордада колледж оқушылары үшін 475 орындық 3 жатақхана пайдалануға берілді.

Бұқаралық спортты дамыту мақсатында өңірде 7 спорт кешені пайдалануға берілсе, 6 спорт кешенінің құрылысы жалғасуда.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес облыста 2156 баланы қамтитын мемлекеттік спорттық тапсырысты қаржыландыруды 2021 жылғы 212 млн теңгеден келесі жылы 4312 балалар үшін 638 млн теңгеге ұлғайтуды жоспарлап отырмыз.

Биыл Қазақстан Олимпиада құрамасының ту ұстаушысы, боксшы Қамшыбек Қоңқабаев қола жүлдегер атанды.

Біздің спортшылар Әлем және Азия чемпионаттарында 66 медаль (24 алтын, 9 күміс, 33 қола), республика чемпионаттары мен кубоктарында 851 медаль (270 алтын, 245 күміс, 336 қола) жеңіп алды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес өңірімізде мемлекеттік шығармашылық тапсырыс шеңберінде 1522 баланы қамтитын үйірмелерге биыл облыстық бюджеттен 100,1 млн теңге қаржы бөлінсе, келесі жылы 2150 бала үшін бұл қаржыны 301 млн теңгеге ұлғайтатын боламыз.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында «Тұғыры биік Тәуелсіздік» атты республикалық ақындар айтысы, Сыр сүлейі Кете Жүсіп Ешниязұлының 150 жылдығына арналған «Жырлансын, Тәуелсіздік жыр бұлағы» атты жыршы-жыраулар байқауы өткізілді.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын жүзеге асыру мақсатында халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері ретінде III томдық Сыр өңірі фольклоры антологиясының I томы «Жанқожа батыр» жарыққа шықты.

Бұл жоба Президенттің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында көзделген міндеттерді жүзеге асыру бағытында аймақтың даму көрсеткіштерін насихаттайтын «Сыр елі» мегажобасы аясындағы маңызды жобалардың бірі.

Ыбырай Жақаевтың 130 жылдығы аталып өтіп, Жалаңтөс Баһадүрдің 445 жылдығы аясында Қазалы ауданында ескерткіш орнатылады.

Келесі жылы «Халық қаһарманы» Роза Бағлановаңың 100 жылдығына орай Қызылордада ескерткіш орнатылады.

Сонымен қатар, тарихи-мәдени мұраларымызды сақтау мақсатында ежелгі Бәбіш мола және ортағасырлық Жанкент, Сығанақ қалашықтарына қазба жұмыстары жалғасуда.

**ПІКІР-ПАЙЫМ**

# Мақсат – халықтың әл-ауқатын арттыру

Сыр елінде соңғы жылдары атап айтар жетістіктер аз емес. Ел дамуындағы қай салада болмасын жоғары көрсеткіш, өзгелерге үлгі етерлік тәжірибе бар. Нәтижелі жұмыс іс басындағы басшының тәжірибесі мен біліктілігін байқатса керек.

Облыс әкімі Гүлшара Әбдікәлықова орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында атап айтқан жетістік – өңірде Индустрияландыру бағдарламасының үшінші бесжылдығы аясында құны 543 млрд теңгеден асатын 46 инвестициялық жобамен жұмыс жүргізілуде. Бұл өз кезегінде 7 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Биыл құны 45 млрд теңгені құрайтын, қолданысқа түскенде 500-ге жуық жұмыс орны ашылатын 4 жобаны іске қосу жоспарлануда. Олардың қатарында Қызылорда қаласындағы шыны зауыты бар.

Сонымен қатар, биыл Жаңақорған ауданында «Шалқия» кен орнында тау-кен байыту комбинатының және Арал ауданында кальцийленген сода зауытының құрылысын бастау дайындықтары жүргізілуде. Шиелі ауданында «Баласауысқандық» ванадий кен орнын игеру жұмыстары жалғасуда, желтоқсан айынан бастап ферромолибден өнімін өндіру басталады.

Мұнан бөлек, әлеуеті зор ауыл шаруашылығы, азық-түлік өндірісі, қызмет көрсету саласының дамуында айтарлықтай ілгерілеу бар. Сонымен қатар, бизнеске қолайлы аймаққа айналған өңірдің бұл бағыттағы жұмысы өзгелерге үлгі.

Баспасөз мәслихатында облыс әкімі алдағы әлеуметтік-экономикалық бағыттағы жоспарлармен бөлісті. Бұл орайда өңірде шешімін табуы тиіс өзекті мәселелерді қозғауы – қай кезде де биліктің халық алдындағы жауапкершілігі арта беретіндігін, басты мақсат – халықтың әл-ауқатын арттырып, өмір сапасын жақсарту екендігін тағы бір шегелей түсті.

**Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,**
**облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы**

# Өңірде игі бастама көп

Сыр өңірінде экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуде көптеген жұмыс атқарылып жатыр. Облыс әкімі Гүлшара Әбдікәлықова Мемлекет басшысының Жолдауы аясында атқарылған жұмыстарға тоқталып, негізгі тірек салалардағы даму көрсеткіштерді баяндады. Айта кетерлігі, аймақ басшысы рухани құндылықтарды насихаттау бағытында өткізіліп жатқан тағылымды шараларға да тоқталды.

Айталық, биыл ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында «Тұғыры биік Тәуелсіздік» атты республикалық ақындар айтысы, Сыр сүлейі Кете Жүсіп Ешниязұлының 150 жылдығына арналған «Жырлансын, Тәуелсіздік жыр бұлағы» атты жыршы-жыраулар байқауы өткізілді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде Сыр өңірі фольклоры антологиясының I томы – «Жанқожа батыр» жарыққа шықты.

Биыл атақты күрішші, «дала академигі» Ыбырай Жақаевтың 130 жылдығы аталып өтіліп, Жалаңтөс Баһадүрдің 445 жылдығы аясында Қазалы ауданында ескерткіш орнатылады. Сонымен қатар, Бәбіш мола, Жанкент және Сығанақ қалашықтарына қазба жұмыстары жалғасуда. Бұл – Сыр өңірінің рухани өмірінде орын алып жатқан елеулі шаралардың бір тармағы ғана. Іскерлік пен қабілет талай игі бастамаға мұрындық болуда. Бұл үрдіс жалғасын таба береді деп сенеміз.

**Нұрлыбек МЫҢЖАС,**
**Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры**

ОРТАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІ: СҰРАҚ-ЖАУАП

# ҚАЛТАРЫСТА ҚАЛАТЫН ӨТКІР МӘСЕЛЕ БОЛМАЙДЫ

**Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова баспасөз мәслихатындағы сөзінен кейін БАҚ өкілдерінің сауалдарына жауап берді. Онда көтерілген өңірге қатысты маңызды мәселелерге дәйекті дәлелдемелер айтылды.**

**Модератор Қымбат Қали: – Өткен жазда Корей елінің азаттық жолындағы күрескер батыры, генерал Хон Бом Доның сүйегі өзінің тарихи отанына қайтарылды. Бұл Қазақстан мен Корея арасындағы әлеуметтік-экономикалық ынтымақтастықты күшейтті. Қызылордада мектеп салынғалы жатқанын естідік. Екі ел ынтымақтастығы аясында басқа қандай жоспарлар бар?**

**Облыс әкімі:** – Өздеріңізге белгілі, 1940-1950 жылдары Қызылордаға корейлер қоныстанды. Қазір аймақта 7 мыңнан астам осы ұлт өкілдері тұрады. Хон Бом До корей халқының батыры болған. Ол Қызылорда қаласында 1940-жылдары еңбек етіп, қайтыс болған соң сонда жерленген. Корея тарапымен бірнеше жыл келіссөздер жүргізілді. Сол кезде батырдың сүйегін алып кету, тарихи отанында жерлеу туралы ұсыныстар айтылды. Пандемияға байланысты кедергілер болды. Биыл жазда бұл іс-шара ұйымдастырылды. Өңірге Кореяның Ардагерлер ісі жөніндегі министрі бастаған делегация келді.

Бірнеше позиция бойынша келісім жасалды. Біріншісі – Хон Бом До атындағы дарынды балаларға арналған лицей құрылысы. Екінші, Корей тарапы біздің дарынды мектеп түлектеріне грант бөлуге келісім берді. Үшінші, облыста Ы.Жақаев атындағы күріш ғылыми-зерттеу институты жұмыс жасайды. Корей тарапы осы институт базасында күріш өсіру өндірісі саласындағы жаңа технологияларды таныстыру алаңын ұйымдастыратын болды. Себебі, олар бұл бағытта мол тәжірибеге ие. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының Кореяға сапары кезінде Қызылорда облысы мен Кореяның Ардагерлер ісі жөніндегі министрлігі арасында әрі қарайғы ынтымақтастық жөнінде меморандумға қол қойылды. Бізде корей диаспорасы, мәдени орталықтары бар.

Бұдан бөлек, Корея тарапының ұсынысына байланысты біз күріш өсірумен танымал Бок До провинциясына баруды жоспарлап отырмыз. Онда жақсы күріш сорттары өсіріледі және өндірісте жоғары технологиялар қолданылады. Шамамен осы позициялар бойынша келісімдер жасалды, қазір жұмыстар жүргізілуде.

**Мақпал Орынбек, «BAQ. kz»: – Гүлшара Наушақызы, Қызылорда облысында тұрғындардың басқа өңірлерге көшу үрдісі орын алып жатқаны айтылып жүр. Оған экологиялық жағдайдың нашарлығы, атап айтқанда, зауыттардан, өнеркәсіп орындарынан шығатын зиянды қалдықтардың адам денсаулығына қауіп төндіруі себеп болып отыр. Өндіріс орындарынан шығатын зиянды қалдықтар қадағаланбай ма, бұл мәселе қашан шешімін табады?**

**Облыс әкімі:** – Облыс тұрғындарының саны кейінгі бес жылда 49000 адамға өскен. Әрине, миграция бойынша 4000-дай кері сан да бар. Бірақ ол ғаламдану процесіне, жастардың шетелге, ел ішіндегі басқа қалаларға оқуға, қызметке кетуіне де байланысты деп ойлаймын. Жақында ғана халық санағы болды,1 қаңтардағы мәлімет бойынша 823 мыңнан астам тұрғын болса, кейінгі мәліметте 826 мың. Облыс «Серпін» бағдарламасына қатысып жатқанын білесіздер, оның аясында биылдың өзінде 300 адам, яғни, 103 отбасы солтүстік өңірлерге көшті. Осы кезге дейін 600-ден астам отбасы көшіп, тіршілік етуде. Жалпы аймақта жұмыс орындары құрылуда, жұмыспен қамтудың жол картасы, «Еңбек» бағдарламасы бар, оның аясында тұрақты жұмыс орындары ашылуда. Қазіргі кезде миграция қалыпты жағдай деп ойлаймын. Бір қаладан екіншісіне көшіп, қызмет атқару, әсіресе, жастарға тән.

**Айнұр Мұхамади, «Stan.kz»: – Бұрын Нұр-Сұлтан қаласында тұрдыңыз, қазір де елордаға жиі барасыз. Нұр-Сұлтан мен Қызылорданың азық-түлік бағасында айырмашылық бар ма? Қай өнімнің бағасы қаншалықты ерекшеленеді?**

**Облыс әкімі:** – Нұр-Сұлтан қаласы астана болғандықтан онда баға жоғарылау болады. Бұл – жалпы дүниежүзіндегі астаналарға тән жағдай. Сондықтан, әрине, салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, Қызылордада баға төмендеу. Бірақ бір мәселені айту керек. 19 әлеуметтік қажеттілігі бар азық-түлік болса, соның екеуі ғана өзімізде шығарылады. Ол – күріш пен тұз. Қалған өнімдерді көрші өңірлерден, әсіресе, Түркістан облысынан тасимыз. Азық-түлік бағасын тұрақтандыру мақсатында түрлі ауқымды шараларды атқарып келеміз. Биылдың өзінде қалада 35 ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін өткіздік. 1,5 жылдың ішінде 2 млрд теңгеден астам қаржы бөліп, тұрақтандыру қоры арқылы әлеуметтік дүкендерге азық-түлік алдық.

**– Әкім болғаныңызға бір жарым жылдай уақыт болды. Осы аралықта қанша ауылға бардыңыз, жағдайы нашар ауылдарды атай аласыз ба?**

**Облыс әкімі:** – Жалпы облыс көлемінде 230 елді мекен, 147 ауылдық округ бар. Осы уақыт аралығында жұмыс кестеме сәйкес өңірдегі ауылдық округтің 91-нің әлеуметтік-экономикалық дамуымен танысып, тұрғындар мәселелерін тыңдадым. Барлығын бір мезетте шешу, әрине, мүмкін емес. Дегенмен тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелердің біршамасы өз деңгейінде шешілді. Мысалы, Жалағаш ауданына барғанымда аудан тұрғындары аудандық аурухана құрылысы (2 млрд теңге) және кентті газдандыру жұмыстарын аяқтауға (1,5 млрд теңге) ықпал жасауды сұраған болатын. Нәтижесінде мемлекеттік бюджеттен қаражат бөліп, биыл аурухана пайдалануға берілді және кент орталығына газ жүргізілді. Бұдан бөлек, Жосалы мен Теренөзек кенттерін газдандырдық. Сондай-ақ, облыс орталығы – Қызылорда қаласының іргесіндегі Наурыз және Махамбетов ауылдарын газдандыру бірнеше жылдан бері шешімін таппай келген. Биыл Үкіметке тиісті құжаттарды ұсынып, нәтижесінде 500 млн теңге бөлінді. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Сол секілді Арал, Қазалы аудандарының тұрғындары жол, су және көпір салу мәселелерін көтерген болатын. Қазалы ауданына барғанымда ауыл тұрғындары 10 мың халқы бар 10 елді мекеннің (Бірлік, Жанкент, Қожабақы, Аранды, Бозкөл, Тасарық, Тасөткел, Лақалы, Кәукей, Ажар) негізгі қатынас көзі – Сырдария өзенінің Қарлан учаскесіне темірбетон көпірін салу мәселесін көтерді. Нәтижесінде биыл құрылыс жұмыстарын бастауға облыстық бюджеттен тиісті қаражат бөлініп (1 млн теңге), қазір мемлекеттік сатып алу рәсімі жүргізілуде. Бізде жолдың 75 проценті қанағаттанарлық. Дегенмен, Арал ауданының шалғай елді мекендерінде нашар жолдар кездеседі, әсіресе, аудан орталығы мен ауылдарды қосатын жол.

**Раушан Тоқанова, «Qazaqstan» ұлттық арнасы:**

**– Мал өліміне қатысты сұрақ қойғым келеді. Биыл бұл тақырып Қызылорда облысы үшін өзекті болды. Бұл жағдай келер жылы қайталанбай ма, дайындықтарыңыз қалай?**

**Облыс әкімі:** – Биыл жауын-шашынның аз мөлшерде түсуінен, ауа температурасының жоғарылап, Сырдария өзеніндегі су деңгейінің аздығынан қуаңшылық болып, 596 мал шығыны тіркелді. Қауіпсіздік шараларын күшейту үшін 12 шілде күні Арал ауданында төтенше жағдай жарияланды. Қуаңшылық зардабын жою үшін облыс әкімінің резервінен 250 млн теңге бөлініп, оның ішінде 49,5 млн теңге шөп тасымалдайтын көлік шығындарын жабуға (247,5 тонна жанармай қоры жасақталды), 200,5 млн теңге суару жүйесі мәселелерін шешуге бағытталды. ҚР Үкіметі резервінен 1,7 млрд теңге бөлініп, малшыларға субсидия ретінде, яғни, жем-шөп шығынын өтеуге берілді. Бізге меценаттар, көрші облыстар көмектесті. Жерлесіміз, меценат Болат Өтемұратовтың қорынан 280 млн теңге бөлінді. Қаражат аз қамтылған, тұрмысы төмен отбасыларға жем алуға берілді. Жамбыл облысынан 19 вагон жем-шөп келді. Түркістан облысы көмектесті. Қостанай және Ақтөбе облыстарынан қажетті жем қоры тасымалданып, жергілікті жердегі қоғамдық кеңестің шешімімен 5-6 ірі қара және 10 уақ малы бар 5501 отбасына таратылды. Аманөткел елді мекеніндегі «Аспай» су ағытқысы іске қосылды. Бүгінгі күні Беларан ауылдық округінде су ұңғымасы қазылуда. Сонымен бірге, Ақтөбе облысының Ырғыз ауданынан 15 мың гектар жайылымдық жерді жалға алу жөнінде келісім жасалып, қыркүйекте Арал ауданы мен Ырғыз ауданы әкімдіктері екі жақты меморандумға қол қойды. Осындай жұмыстардың арқасында жағдай тұрақты.

**– Күріш Қызылорданың бренді екенін білеміз. Биыл әртараптандыру бойынша егу көлемін азайтқан екенсіздер. Бұл күріштен түсетін табысты азайтқан жоқ па?**

**Облыс әкімі:** – Былтыр 550 мың тонна өнім алғанбыз, биыл 6 мың гектарға аз ектік, яғни, 89 мыңнан 83,6 мың гектарға төмендеткендіктен 500 мың тонна өнім алдық. Есесіне, басқа дақылдардың, бау-бақша өнімдерінің түрін көбейттік. Күрішшілеріміз жылына орта есеппен 60-100 мың тоннаға дейін күріш экспорттайды. Алушылар 15 елге дейін көбейді. Сондықтан жалпы табыс көлемі азайған жоқ. Республиканың күрішке деген қажеттілігінің 90 процентін Сыр салысы жауып отыр. Судың азаюына байланысты күріш егуді азайту керек деп айтуда, бірақ біздің жеріміз тұзды, сондықтан тым азайта алмаймыз. Судың аздығына қарамастан күріштің өнімі жақсы болды.

**Талғатбек Әбдіқожа, «Хабар 24»: – Кейінгі жылдары облысқа қытай, түрік, моңғол компаниялары келіп, кәсіпорындар ашып жатқаны байқалады. Бүгінге дейін шетелдік инвесторлар қанша жобаға қаржы құйды? Олардың Қызылорданы таңдауына не себеп?**

**Облыс әкімі:** – Инвестиция бойынша екі бағытта жұмыс істелуде. Бірінші, ішкі инвестиция. Біздің кәсіпкерлер шағын және орта бизнесті дамыту үшін өздері инвестиция салуда. Оларға 400-ден астам әртүрлі жоба ұсынылды. Онан басқа ірі 35 жоба жасалынып, шетелдік әріптестерге жіберілді. Қазір келіссөздер жүргізілуде. Сонымен бірге іске асырылып жатқандары да бар. Мәселен, шыны зауытын қытайлық Чайна Триумф компаниясы жүзеге асыруда. «Баласауысқандық» ванадий кен орнын игеру жобасы аясында да биыл инвестиция тартылды. Онан басқа түрік компаниясы ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдіру бойынша ұсыныс жасап, біз өз тарапымыздан инфрақұрылымын дайындап беруге келісімге келдік. Сондай-ақ, моңғолдық компаниялар жергілікті кәсіпкерлермен бірлесіп тері, жүн өңдеу кәсіпорындарын ашуға қызығушылық танытуда. Аралдағы кальциленген сода зауытын салуға да инвесторлар 100 млрд теңге құюға келісім жасасты. Негізі қызығушылық бар. Пандемияға байланысты биыл болмаса да, келер жылы осы жұмыстар қолға алынатын болады.

**Асхат Ниязов, «Хабар 24»: – Жаңақорған ауданы тұрғындарын таза ауызсумен қамтамасыз ету үшін, қателеспесем, 11 млрд теңге бөлінген. Бірақ ауызсу жоқ. Неге? Екінші сұрақ, облыс орталығы**

**Қызылордада қоғамдық көлік жағдайы не болып жатыр? Оған да миллиардтаған субсидия бөлінген. Бірақ тұрғындар мәселе шешімін таппағанын айтуда.**

**Облыс әкімі:** – Облыс бойынша таза ауызсумен қамтамасыз ету көрсеткіші жаман емес. Жаңақорған кенті қалып тұрған. Өзіңіз айтқандай, оған қаржы бөлінді, жұмыстар басталды. Бірақ өткен екі жыл көлемінде жосықсыз мердігер жұмысына байланысты көп киындықтар болды. График бекітілді, әкім бұл компаниямен күнделікті жұмыс жасауда. Компания барлық мүмкіндігін қарастырып, жыл соңына дейін аяқтауға уәде берді.

Қоғамдық көлік бойынша Қызылорда қаласында мәселелер бар. Біріншіден, біз бірнеше жыл бұрын Еуропалық қайта құру және даму банкімен келісім жасадық. Сол кезде жаңа автобустар алынды. Қазір несиені қайтарудамыз. Өйткені орындалуы тиіс міндеттемелер бар. Бұдан бөлек, пандемияға байланысты жеке тұлғалар қалалық қоғамдық көлікте жұмыс жасаудан бас тартуда. Себебі, бензин, дизель отыны қымбаттап, шығын көлемі өсті. Бірақ біз соңғы айда келіссөздер жүргізіп, қалалық қоғамдық автокөлікті субсидиялауды қарастыруға, сондай-ақ, төлемді автоматтандыруға келістік. Мұның барлығы қалалық қоғамдық көлік жағдайын жақсартуға тиіс. Проблемалар бар. Әсіресе соңғы күндері, жаңбыр, артынша түні бойы қар жауды, көктайғақтан көлік тасымалында қиындықтар болды. Мұның бәрінен хабардармыз. Жағдай бақылауда. Қордаланған мәселені бір сәтте шешіп тастау мүмкін емес. Бірақ келер жылы жағдайды түбегейлі өзгертуге тырысамыз. Келуге, қаржы салуға ниетті бірнеше инвестор бар. Сәйкесінше, қала, облыс әкімдіктері оларға жағдай туғызуға күш салатын боламыз.

**Әсел Сайлаубай, «4vlast.kz»:**

**– Жалпы Қазақстан бойынша жер дауына қатысты үлкен мәселелер бар екені жасырын емес. 2021 жылы 12 наурызда Қызылорда облысында ауыл тұрғындары сізге жер дауына араласуға өтінішпен жүгінді. Даудың себебі – тұрғындардың өз жер үлесін жалға алып отырған серіктестіктер қайтармаған. Осы мәселеге қатысты қазіргі ахуал қалай? Себебі сіздің орынбасарыңыз нақты шаралар қабылданады деген болатын. Өңірлерде осы мәселе бойынша тұрғындар әкімдікпен, өзара соттасып жатқан жағдайлар көптеп кездесуде.**

**Облыс әкімі:** – Бұл жерде әкімдікпен соттасу мүмкін емес. Себебі мәселе жеке кәсіпорын, жеке шаруашылықтарға қатысты. Әкімдік, ешқандай мемлекеттік орган шаруашылық субъектілерінің жеке мәселелеріне араласа алмайды. Бірақ жер үлесі бар тұрғындардың серіктестіктерден бөлініп шығуы бойынша дау көп. Әсіресе, Сырдария ауданының үш ауылдық округі – Шаған, А.Тоқмағамбетов, Қоғалыкөл ауылдары. Сондай-ақ, Қармақшы ауданында III Интернационал ауылдық округі. Осы ауылдарда мәселелер туындап жатыр. Бізде 90-жылдары көптеген ірі шаруашылықтар шағын шаруашылықтарға бөлінді. Ал біз айтқан ауылдарда үлкен шаруашылықтар құрылған, яғни, инвесторлар пайда болды. Өздеріңіз білесіздер, күріш қазір пайда табудың тиімді жолы болып отыр. Салаға қызығушылық жоғары. Сондықтан кейбір шаруашылықтардың негізгі инвестордан бөлініп шыққысы келеді. Даулар да осы мәселе төңірегінен туындап отыр. Бұл ретте айта кетерлігі, бірінші, мемлекеттік орган тек түсіндірме жүргізе алады, медиатор рөлін атқарады. Әкімдікте кездесулер өткіземіз. Мен биыл төрт рет, орынбасарым жеті рет кездесу өткіздік. Біздің жер қатынастары, ауыл шаруашылығы басқармалары, аудан әкімдері 30-дан астам кездесу өткізіп, құқық қорғау органдарымен бірге үлкен шаруашылықтан бөліну тәртібі туралы түсіндірме жүргізді.

Заңнамаға сәйкес вегетация кезеңі басталғаннан, сәуір айынан бастап қазан айына дейін бұл шаруашылықтар бөліне алмайды. Себебі тұқым себу, өнім жинау керек. Сондықтан қысқы уақытта ғана мүмкіндік бар. Қыс кезінде біз құқық қорғау органдарымен бірлесіп, заң аясында сот арқылы немесе өзара келісім негізінде жер үлескерлерінің қатысуымен бөлінуге болатынын түсіндіріп жатырмыз. Бірақ тараптардың бірі келіспей қалып сотқа беріп жатады. Ал, сот процестері ұзаққа созылады. Сондықтан жаңа егін маусымы басталған кезде шаруашылықтар бір бітімге келе алмайды. Бұл ретте біздің міндет тек түсіндірме жұмыстары екенін тағы бір айта кетейін. Бұл міндетімізді орындап отырмыз. Ауыл шаруашылығы министрлігіне, мемлекеттік органдарға үлкен шаруашылықтан бөліну тәртібін жеңілдету бойынша ұсыныстар бердік. Ұсынысымыз талқылануда, қабылданса бөліну процедуралары жеңілдетіледі. Ал, әзірге түсіндіру, татуластыру, медиация арқылы осы мәселелерді шешуге тырысамыз. Біз жұмыс жасап жатқан 4 ауылдық округ туралы айттым. Әрқайсысы бойынша нақты жағдайдан хабардармыз. Барлығының мәселесі бірдей. Бірақ әр шаруашылықпен жеке жұмыс жасасаң, жағдай әртүрлі. Сондықтан бұл мәселе бақылауда. Олар мәселені айқай-шумен шешуге болмайтынын түсінеді.

**Әсел Сайлаубай, «4vlast.kz»: – Жоғарыда өзіңіз айтып кеткендей, жосықсыз мердігерлердің іс-әрекеті салдарынан да көптеген мәселелер туындап жатыр. Бұл да бүкіл Қазақстан бойынша үлкен проблема. Мердігер таңдау бойынша қандай да бір басқа жүйе жасауға болмай ма? Өйткені іркілістер осы мердігерлер тарапынан болып жатады.**

**Облыс әкімі:** – Өздеріңіз білесіздер, заңнамаға сәйкес мемлекеттік орган ұйымдастыратын қызметтер тендер арқылы өтеді. Сондықтан бір ғана Қызылорда облысы бойынша биыл 3 мыңнан астам мемлекеттік сатып алу ұйымдастырдық. Оның 155-і бойынша (нысандар, құрылыс, жол құрылысы) конкурс қатысушыларының өзара келіспеушілігі болды. Жалпы, заңнамаға сәйкес конкурсқа 2 ай уақыт кетеді. Одан кейін сот процестері, қайта қарау бар, оған кейде қосымша тағы 45 күн кетеді. Мысалы, биыл екі жағдай тіркелді. Соттасып, ақыры шешім шыққан кезде барлық қызмет ұсынушы мердігерлер жұмысты орындаудан бас тартты. Себебі ақшаны игеруге уақыт тым аз болды. Осындай жағдайлар болып тұрады. Әрине, бұл жерде маңызды қызметтерді жедел жүзеге асыруды қарастыратын бірқатар өзгерістер керек шығар. Қазір Қаржы министрлігімен жұмыс жасаудамыз. Мемлекеттік сатып алуға қатысты тәжірибемізге сүйене отырып ұсыныстар бердік.

**Айнұр Коскина, «Vestikg»: – Менің сұрағым шыны зауытына қатысты. Өткен баспасөз конференциясында зауыт қараша айында іске қосылады деген болатынсыз. Іске қосылды ма? Қосылса, дайын өнімнің қаншасы жөнелтілді және ол қандай өнім?**

**Облыс әкімі:** – Шыны зауыты – өте маңызды өндіріс нысаны. Елімізге жыл сайын 11 млн долларға әртүрлі шыны импортталады. Сондықтан Қазақстандағы алғашқы зауыт Қызылордада іске қосылуы керек. Қазір жұмыстар 95 процентке бітті. Ең маңыздысы, ванна мен пеш құрылысы болатын. Бұл жұмыстар кейінгі 3-4 ай көлемінде жүргізіліп, аяқталды. Қазір зауыт аумағы мен зауыттың өзін тазалау жұмыстары жүруде. Өйткені онда құрылыс жұмыстары жүрді. Бұл – заманауи зауыт. Технология бойынша түсіндіре кетсем, пеш іске қосылған кезде зауыт іске қосылған болып саналады. Өнім бірден шығарылмайды. Себебі, пеш 3 ай ішінде 1,5 мың градус цельсийге дейін қыздырылады. Бұл сондай технология. «Холодный запуск» деп аталады. Одан кейін құрылысқа арналған шыны өндіріле бастайды. Сондай-ақ, қазір шыны зауыты жанынан бірнеше шыны өңдеу зауытын іске қосу жоспарланған. Біз екі инвестормен келісімге келдік. Бірі – құрылысқа арналған композиттік материалдар, екіншісі – айна өндірісі. Композиттік материалдар зауытының құны – 1,5 млрд, айна өндірісі – шамамен 4 млрд теңге. Сондықтан, біздің график бар. Әр сенбі сайын құрылысшылармен, инвесторлармен бірге дайындықты тексеруге барамын. Қазіргі таңда дайындық 95 процент. Одан кейін газ, электр энергиясы, сумен қамтамасыз ету мәселелері шешілуде. Желтоқсан айында зауытты іске қосуға тырысамыз. Инвесторлар мен мамандардың айтуынша, зауыттың алғашқы өнімі алдағы наурыз айында болады.

**Айнұр Коскина, «Vestikg»: – Қызылорда облысында қанша елді мекен бар? Олардың қаншасы орталықтандырылған су жүйесімен және таза ауызсумен қамтылған?**

**Облыс әкімі:** – Бізде жалпы 230 елді мекен, 147 ауылдық округ бар. Қазіргі таңда тұрғындардың 97 проценті ауызсумен қамтылған. 30-ға жуық елді мекен әзірге суды скважинадан алады. Бұл Арал ауданының өте шалғай ауылдары. Ол жаққа су құбырын тарту тиімсіз, себебі өте алыс. Оған қоса бар-жоғы 25 отбасы тұратын ауылдар бар. Ол жерлерде скважиналар арқылы ауызсумен қамтуға арналған сапалы қондырғылар орнатылған. Облыста орталықтандырылған су жүйесімен және таза ауызсумен қамту көрсеткіші жақсы. Өткен жылы 6 ауылдық округте жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Жалпы 230 елді мекеннің 201-і орталықтандырылған су жүйесімен қамтамасыз етілген.

**Асем Гумарова, «Independ. kz»: – Облыс малшылары мал өлімі мен жем-шөп қымбаттауына шағымданып, бейнеүндеу жолдаған болатын. Олар уәде етілген субсидияны ала алмай отырғанын айтып, мұның экономикалық тергеу департаменті мамыр айында мәлімдеген инвестициялық субсидияның облыс шенеуніктері тарапынан талан-таражға түскенімен байланыстырған еді. Малшылардың айтуынша, олар бұл мәселемен бірнеше мәрте облыс әкімдігіне келген. Бірақ олардың сөзінше, сіз жұмыста болмаған екенсіз. Бұл мәселені қалай шешуді жоспарлап отырсыздар? Сондай-ақ, малшылардың келіссөз жүргізу туралы өтініші неге ескерусіз қалды?**

**Облыс әкімі:** – Өткен жыл соңында малшылармен кездесуім болды. Биыл проблемалар болған жоқ, 1,7 млрд теңге бөлінді. Автоматтандырылған жүйе арқылы рәсімдеп, қыркүйекте барлығы алды. Одан кейін құжат өткізген немесе автоматтандырылған жүйе базасы арқылы тіркелгендерге желтоқсан айында төлейміз.

Былтыр 730 млн теңге субсидияны автоматтандырылған жүйе базасы арқылы тіркелгендер алды. Құжат өткізуге кешіккендер үлгермеді. Олардың мәселесін биыл шешіп бердік.

Жемқорлыққа байланысты айтсақ, расымен де бұл мәселе бойынша тергеу жүргізілді. Ауыл шаруашылығы басқармасының бас маманы, бөлім басшысы жауапқа тартылды. Бірақ сот шешімімен кінәсіз деп танылды. 2018, 2019, 2020 жылдардағы субсидия бойынша құжаттарды қараған кезде шаруашылықтар тарапынан 400 млн теңгеге қате құжаттар тапсырылғаны анықталды. Енді бұл шаруашылықтар құжаттамасын дұрыстап қайта тапсырады немесе бұған дейін заңсыз алған қаржысын қайтарады.

Субсидияға Мемлекет басшысының өзі айрықша мән беріп, мемлекет қолдау білдіретінін, бірақ бұл жерде нақтылық, заң талаптары сақталуы керегін, жалған құжат жасауға жол берілмеуі керегін айтқан болатын. Сондықтан қазір автоматтандырылған жүйе бар. Біздің қызметкерлер тек енгізілген құжаттарды көріп отырады. Ал құжаттарға субсидияға өтінім рәсімдеген шаруашылықтар жауапты. Жалпы, биылға әлі алынбаған субсидия көлемі шамамен 200 млн теңге. Оған құжаттардың кеш тапсырылып, базаға қыркүйектен кейін енгізілгені себеп болып отыр. Тамыз айында ауыл шаруашылығы басқармасы мамандары, әкімнің орынбасары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрылым өкілдері барлық аудандар бойынша түсіндірме жүргізді. Автоматтандырылған базаға деректерді қалай енгізу, қандай құжаттар керегін түсіндірдік.

Мен былтыр жыл соңында малшылармен жиында, биыл ауылдық округтерге сапар барысында кездестім. Мысалы, қазан айында Арал ауданында болдым. Сол кезде кім қыркүйек айынан кейін субсидия алып үлгермеді, соларға түсіндірдік. Егер құжаттарды автоматтандырылған жүйеге енгізсе, жыл соңына дейін резервке қойып, бюджетті үнемдеу арқылы мәселені шешетін боламыз. Мен Арал, Қазалы аудандарында болып қуаңшылық болған жерлерде, менің орынбасарым Жаңақорған ауданында бірнеше рет кездесу өткізді. Егер нақты шаруашылықтар болса, маған өз мәселесін хат арқылы жолдауына болады.

**Асем Гумарова, «Independ. kz»: – Қызылордалықтар қар түскен соң жарық сөніп, жолда көктайғақ болып, автобустар рейске шыға алмай қалғанын айтып шағымдануда. Мұнан бөлек, облыс тұрғындары облыстық жұқпалы аурулар ауруханасында жылу мен жарық болмай, соған байланысты ИВЛ аппараттары жұмыс жасамай қалғанын айтуда. Коммуналдық қызметтер неге қысқа дайын болмай шықты? Облыстың медициналық мекемелері тіршілікті қамтамасыз ету көздерінсіз қалғаны қалай?**

**Облыс әкімі:** – Бізде ғана емес, көрші облыстарда да ауа райының қолайсыздығына байланысты осындай жағдайлар болды. Қызылорда қаласында электр желілері ескіргенін айта кеткім келеді. Әзірге бір бөлігін ғана ауыстырдық. Желілер 35 вольтқа есептелген. Бұл туралы мәселені көтеріп жатырмыз. Қаржыландыруды республикалық бюджетке ауыстыру туралы. Себебі жалпы республика бойынша 35 киловольтқа есептелген желілер көп. Сәйкесінше, өте қатты ескірген. Сондықтан осындай қолайсыз ауа райында істен шығады. Мамандарымыз түні бойы жұмыс жасады. 10 топ ұйымдастырылып, олар қаланы аралап, ақауларды жөндеді.

Облыстық жұқпалы аурулар ауруханасына қатысты мұндай ақпарат болған жоқ. Ауруханаға қосымша генератор орнатылған. Мен бұл ақпаратты нақтылаймын, егер ондай жағдай орын алған болса, тиісті шешім қабылданатын болады.

Мәселені шешу, желілерді ауыстыру жолдары жоспарлы түрде жүреді. Жыл сайын біз ауыстыру индикаторын бекітеміз. Мәселенің жалғыз жолы – ескірген желілерді ауыстыру. Бұл жұмыстар толық қашан бітетінін айта алмаймын. Себебі бұл үлкен қаржыны қажет етеді және жұмыс өте ауқымды. Жалпы, 2025 жылға дейін 20-30 процент желілерді жаңарту жоспарда бар.

**Серік Жолдасбай, «Nege. kz»:**

**– Әкімдік бюджетіне қатысты есебіне қарасақ, өңірдің биылғы табысы 30 млрд теңгеге жетпейді екен, ал республикалық бюджеттен 320 млрд теңге дотация алынған және дотация алу көлемі жылдан-жылға артып отыр. Мұны немен түсіндіресіз?**

4-бет

# ҚАЛТАРЫСТА ҚАЛАТЫН ӨТКІР МӘСЕЛЕ БОЛМАЙДЫ

**Облыс әкімі:** – Биыл облыстың кірісі жалпы 172,9 млрд теңге. Оның ішінде, республикалық бюджет 64,2 млрд, жергілікті бюджет 57,470 млрд, Ұлттық қорға 51,1 млрд теңге аударылған. Әрине, облыс дотациялық болып есептеледі. Бірақ 320 млрд теңгенің 244 млрд теңгесі ғана республикалық бюджеттен болды, яғни, аудандардағы білім бөлімдері орталықтандырылып, облысқа беріліп, шығын көбейді. Онан басқа көптеген әлеуметтік мәселелерге қаржы трансферт ретінде республикадан келеді. Ұлттық қордан былтыр пандемияға байланысты 40 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Сондай-ақ, «Ауыл – ел бесігі» бойынша да қаржы бөлініп отыр. Олар – уақытша берілетін қаржы.

**Жанар Арғынова, «Еуразия 1 арнасы»:**

**– Кезінде Елбасы «Тәуелсіздік жылдарындағы жетістікті бір ғана Қызылорда облысынан көруге болады» деп айтып кеткен еді. Осы орайда Сыр өңірі 30 жылда ең маңызды қандай жетістікке жетті?**

**Облыс әкімі:** – Бірінші, тәуелсіздік жылдары қол жеткізген жетістігіміз – Елбасының қолдауының арқасында Сырдария өзенінің арнасын реттеп және Солтүстік Аралды сақтап қалғанымыз. Қазір жұмыс орындары ашылып, 9 зауыт салынды. Егер 1990 жылдары жылына 400 тонна балық өндірілетін болса, қазір 8 мың тоннадан астам балық өндіріледі. Екінші, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жолы. Қызылорда облысының бойынан 813 шақырымы өтеді. Осы жолмен бүгінде тәулігіне 7 мыңнан астам көлік жүреді. Үшінші, «Байқоңыр» ғарыш айлағын мақтанышпен айтуға болады. Онан біздің үш ғарышкеріміз көкке көтерілді. Сонымен бірге, салыстырмалы түрде айтар болсақ, облыста тәуелсіздіктің алғашқы жылдары 592 мың тұрғын болса, қазір 826 мыңға жетті, яғни, халық саны көбейді. Халық саны қайтkeңде көбейеді? Әрине, жағдай жасалғанда. Қазір жылына 21 мың бала дүниеге келуде. Ең төменгі көрсеткіш 12 мың болған. Демек, бала туу көрсеткіші екі есеге артқан. Әрине, облыста бәрі жақсы деп айтпаймын, кемшіліктер бар, оны білеміз, жұмыстар жасалатын болады.

**– Елде баспана мәселесі өзекті. Осы мәселені Сыр өңірі қалай шешіп жатыр?**

**Облыс әкімі:** – Баспана мәселесі бар. «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша жұмыстар жасалуда. Жалпы үй кезегінде 30 мыңнан астам отбасы тұрса, 60 мыңнан астам тұрғын жер кезегінде тұр. Сондықтан біз жер кезегінде тұрғандарға инфрақұрылымын тартып, кезекпен беріп жатырмыз. Ал биыл жыл аяғына дейін 1600-ден астам пәтер беріледі. Оның ішінде 600-ден астамы – көпбалалы, мұқтаж отбасылар. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында беру жоспарлануда.

**Модератор Қымбат Қали: – Өзекті мәселенің бірі Қызылорда қалалық әуежайына қатысты. Біз білетіндей, әуежай халықаралық дәрежеге ие. Бірақ сапасы халықаралық тұрмақ, жергілікті дәрежедегі әуежай талабына да сәйкес келмейді. Сондықтан жаңа әуежай салу мәселесі бұрыннан көтеріліп келеді. Жобаның өте қымбат екені түсінікті. Сондықтан, әуежайдың ұшу географиясын кеңейту жоспарда бар ма? Себебі біздің білуімізше, тек екі бағыт – Нұр-Сұлтан және Алматы бағыттары ғана бар.**

**Облыс әкімі:** – Бұл жиі қойылатын сұрақтардың бірі. Қазіргі әуежай өз кезінде бейімделген нысан, шынын айтқанда, қойма ғимараты, үлкен астық қамбасы болған. Қиын кезеңде қаржы жетіспеушілігінен ғимарат әуежай ретінде бейімделген. Қазір сол ғимарат әлі де жолаушыларға қызмет көрсетуде. Өткен жылы қызметіме кіріскеннен бастап әуежай, ондағы көрсетілетін қызмет сапасы туралы сұрақтар жиі қойылып келеді. Сондықтан бірінші нұсқа – аталған әуежай реконструкциясы, қосымша құрылыстар салу болды. Ол жұмыстар атқарылды да. Бірақ инвесторлармен де келіссөздер жүргізілді. Белсенді түрде инвесторлар қарастырдық. Бұл ретте жерлесіміз Болат Жәмітұлы Өтемұратовқа алғыс білдіргім келеді. Біз ол кісіге әуежай реконструкциясы туралы ұсыныс айтқан болатынбыз. Ол жағдаймен танысып, әуежай жанынан 3 мың гектар аумаққа жаңа әуежай салуды ұсынды. Қазан айында бұл жобамен инвестор айналысатыны туралы меморандум жасастық. Бұл әуежай заманауи, халықаралық стандарттарға сай, жолаушыларға барлық жағдай қарастырылған, сағатына 300 жолаушыға есептелген әуежай болады. Сондай-ақ, өзге облыстарға ғана емес, шетелдерге рейстер де болады деп күтіп отырмыз. Себебі барлық талаптарға сай болған соң, бізге ашық әуе кеңістігін сұраймыз. Жұмыстар 2022 жылы басталады. Өткен аптада біз инвестормен нақты қадамдарды келістік.

**Дайындаған**
**Айнұр БАТТАЛОВА,**
**Биболат СӘТЖАН,**
**«Сыр бойы»**

3-бет

# Акция Тәуелсіздікті дәріптейді

«Nur Otan» партиясы облыстық филиалының бастамасымен 16 қараша мен 16 желтоқсан аралығында еліміздің 30 жылда жеткен жетістіктерін насихаттау мақсатында арнайы 1 айлық акция жарияланып, оған облыстағы партия активімен 300-ге жуық іс-шара өткізу жоспарланған деп хабарлайды, партияның облыстық филиал баспасөз қызметі.

– Елдігімізді ерекшелейтін Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерекесіне арналған шараларға партия филиалдары мен бастауыш ұйымдар, мәслихаттардағы фракция мүшелері мен ардагерлер және жасотандықтар қатысуда.

Партия белсенділерімен өткізіліп жатқан шараларда ел егемендігінің қалыптасуына атсалысқан ардақты ардагерлеріміздің естеліктері, еңбек династияларының тарихы, тәуелсіздік перзенттерінің жетістіктері, бастауыш ұйымдардың лебіздері сынды танымдық тақырыптар қамтылуда.

Іс-шаралар оффлайн және карантин талаптарына сәйкес онлайн форматта да ұйымдастырылуда. Мәселен, акция басталған 4 күн ішінде жоспарланған шаралардың 50-ге жуығы орындалып, БАҚ пен партия филиалдарының әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында арнайы «Тәуелсіздік – ел тұғыры» тақырыбымен және #Nur Otan Qyzylorda, #Nur Otan Тәуелсіздікке 30 жыл, #Тәуелсіздік Ел Тұғыры хештегтерімен жариялануда, – дейді партияның облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ләйлә Төрешова.

**«СБ» ақпарат**

# Баға жетпес құндылық

Ата-бабамыздың аңсаған арманына қол жетіп, дербес мемлекетке айналғанымызға міне, 30 жыл болды. Осы орайда Тұңғыш Президент-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «...Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгерді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден де аса білдік. Мен еліміздің еңсесі биіктей беретінін сенемін»,– деген сөзі отыз жыл уақыттың текке кетпегенін байқатады.

Адам ғұмырымен өлшесек, 30 жыл бұрын дүниеге келген сәби бүгінде орда бұзар атпал азаматқа айналды. Ал, осы уақыт ішінде тәуелсіз мемлекетіміздің бағындырған белесі аз емес.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ел іргесін бекітудегі экономикалық қиындықтарға қарамастан ел бірлігіне сызат түсірмей, мемлекетіміздің рәміздерін бекітіп, Ата заңын қабылдауы, Ұлттық валютаны айналымға енгізуі секілді айтулы оқиғалар тәуелсіз қазақ елінің күнтізбесінде айшықталып, тарихқа айналды. Әрине, бұл мысал тәуелсіз мемлекеттің әлем елдерімен терезесі тең болу мақсатындағы атқарылған істердің бір үзігі ғана. Әйтпесе, тәуелсіз елдің тағы бір тарих парағына жазылған Семей ядролық-сынақ полигонының жабылуы туралы шешім, ел астанасының Арқа төсіне көшірілуі секілді айтулы оқиғалар жүгін бір мақала көтере алмайды, тұтас бір эпопеяға арқау болар тарих тағылымы.

Жыл басында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы арқылы тәуелсіздіктің 30 жылын қорытындылап, болашаққа бағдарды айқындап берді. Мемлекет басшысы мақалада: «Еліміз үшін алғашқы онжылдықта – Қазақстанның иргетасын қалау кезеңі, екінші онжылдық – қазақ елінің керегесін кеңейту кезеңі, үшінші онжылдық – шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп мерейлі мемлекетке айналдық», – деп үш онжылдықтың табысын атап көрсетті.

Мерейлі жылда бүгінгі күнге дейінгі тарихымызға көз жүгіртіп, жеткен жетістігімізді, құндылықтарымызды бағалап, тәуелсіз еліміздің жаһандану сынына жауап беретіндей қуатты мемлекетке айналуына үлес қосу – ел азаматы ретінде әрқайсымыздың міндетіміз.

**Әділбек ЕСҚАРАЕВ,**
**Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкіл**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

**Түрлі тарихи кезеңдерде тілі де, салт-дәстүрі де тұншықтырылған халқымыздың туған тілін мәңгілік тілге айналдыру мәселесін талай аға буын көтерді. Бұл қатарда Шерхан Мұртазадан бастап, Мұхтар Шаханов, Амангелді Айталы, олардан кейінгі Оразғүл Асанғазы сынды басқа да белгілі тіл жанашырлары бар. Қазіргі кезде де осы мәселе Мәжілісте немесе Сенатта болсын оқтын-оқтын көтеріледі. Бұл тұрғыда мемлекет қайраткері, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлының да ортаға салған өткір ойлары мен ұсыныстары көп. Он жылдан бергі сенатордың тіл тұтастығымен қоса, әділетті қоғам құру, елдің әлеуметтік, білім беру мәселелері жайын шетелдермен салыстыра айтқан пайымды пікірлерімен сұхбатымызда таныса аласыздар.**

# «Тіл тұтастығына қол жеткізбей, ұлт тұтастығына жету мүмкін емес»

***– «Кейбір мемлекеттік қызметкерлер мен Парламент депутаттары бір ғана сөйлемнен тұратын антты мемлекеттің атауын иемденген тілде бере алмауы – ақылға сыймайтын дүние. Мемлекетке қызмет етем деген адамның отыз жылда қазақ тілінде бір сөйлем үйренбеуінен артық сорақылық жоқ шығар» деп жазыпсыз. Сол мемлекеттік қызметтің бел ортасында жүрсіз, осының себебі мен сылтауы белгілі, шешу жолдары әлі табылмады ма?***

– Тәуелсіздігімізге биыл 30 жыл толуда, ғасырлармен салыстырғанда, бұл аз уақыт. Осы аралықта ғасырға бергісіз жетістікке жеткен тұстарымыз да бар, әттеген-ай деген кемшін жағымыз да жетерлік. Сол кемшіліктердің ішінде тіл мәселесін бүгінге дейін біз толыққанды шеше алмадық. Оның толып жатқан себептері бар. «Тіл туралы» арнайы заңды қабылдадық. Соның аясында да тілімізді біраз жерге апарып, көп нәрсеге қол жеткізуге болар еді. Бірақ көп жағдайда бірқатар субъективті себептерге байланысты олай ете алмадық. Себебі біздің биліктегі көптеген азаматтарымыз, ол министр немесе әкім болсын өзінің ана тілінде сөйлемегендіктен, олардың қол астындағылардың да сол ресми тілге басымдық беруі белең алған. Сөйтіп тілге қатысты мәселелер шешілмей келеді. Бұл – субъективті себептер. Енді мұны қалай жөндеуге болады? Бізде арнайы тіл комитеті құрылған, оған жыл сайын қомақты қаржы бөлінеді. Барлық облыстарда тіл басқармалары ашылған. Өкінішке қарай, солар өз дәрежесінде жұмыс істеп жатқан жоқ. Өзім Парламент мүшесі ретінде шет мемлекеттердің ішінде бізге ұқсас елдердің тіл саясатына қатысты мәселелерін салыстырамын. Мәселен, Малайзия мемлекетін алайық, бұл елде де 1970 жылдары біздің елдегідей жағдай орын алды, яғни негізгі тіл қытай тілі болып, малай тілі екінші, үшінші орындағы тіл деңгейіне түсіп кетті. Елдің Премьер-министрі болып Махатхир Мохамад сайланғаннан кейін ол бірден тіл мәселесін қолға алды. Бірінші кезекте малай мектептеріне арнайы заң шығарып, малай тілінде сабақ беретін орта мектептердің барлығына мемлекет тарапынан қаржы бөлгізді, ал өзге қытай, ағылшын тілінде сабақ беретін мектептер өздері ақша табуы керек болды. Аз ғана уақыттың ішінде бүкіл іс қағаздары, заңдардың бәрі малай тілінде шығарылды. Сөйтіп мемлекетте малай тілінің үстемдік құруына ықпал етті. Дәл осындай жағдай бұрынғы Кеңес Одағының ішінде көрші Өзбекстанда да болды, біреулер оларда басқа ұлттарға қарағанда өзбектердің саны көп деп жатады. Одан басқа Грузия, Латвияның тіл саясаты ұнайды. Латвияда өзге ұлттардың қатынасы дәл біздегідей, шамамен 37-38 пайызға дейін өзге ұлттар, орыстар тұрады. Бірақ Латвия бір ғана тіл – латыш тіліне мәртебе берді. Бүкіл іс-қағаздарын, келісімшарттарды, сыртқы мемлекеттермен байланысты құжаттарды, ішкі заңдарының бәрін латыш тілінде шығара бастады. Қазір латыш тілі – сол елде бір-ақ мемлекеттік тіл, басқа тілдер мойындалмайды. Мен осы екі мемлекетті бекерден бекер айтып отырған жоқпын. 1990 жылдары қазақтың тілге деген құрметі, ұлттық рухтың оянуы деген өте күшті болғаны есімде. Бірақ 2000 жылдардан кейін бұл рух басылып қалды, қазір де сол төмен деңгейде. Біздің азаматтарымыз ана жерде, мына жерде шулағанымен бұл шаруа бітпейді, мәселе шешілмейді.

***– Енді осы мәселені шешудің қандай өркениетті жолдары бар?***

– Оның бір-ақ жолы бар. Бәрі заңды жолмен шешілу керек. Ол заң жолы – мемлекеттік тіл, Қазақстан территориясында бір-ақ тіл – ол қазақ тілі болуы керек, ресми тіл деген нәрсені алып тастауымыз қажет.

***– Оған не кедергі сонда?***

– Оған кедергі болатын сан алуан себептер, көзқарастар бар. Парламентте бұл мәселені қаншама рет көтердік. Көпшілігі Ресейге қарайлайды. Бізде басқа ұлттың өкілдері, славяндықтар мәселелерін айтып шығады. Мемлекеттік қызметкерлерге тілді міндеттеу туралы айтылғанымен көп жағдайда ол орындалмайды. Мемлекеттік тілді білмейінше, мемлекеттік қызметке алмайтын болса ғана мектептен бастап бәрі қазақ тілін үйренуге ден қояр еді. Тағы бір мәселе – бізде орыс мектептеріндегі қазақ тілі өз дәрежесінде жүргізілмейді, қазақ тілін мойындамай, оған екінші, үшінші пән ретінде қарайды. Содан кейін аралас мектеп деген ұғым бар. Аралас мектеп дегенің – орыс мектеп деген сөз. Қазақ, орыс сыныптары болғанымен, ол жерде барлығы орыс тілінде сөйлейді. Өйткені ондай мектептерде орыс тілі үстемдік құрады. Ақпарат құралдарының өзін қарасаңыз, мысалы, теледидарда, мерзімді баспасөзде де мемлекеттік тілге қарағанда ресми тілдегі өнімдердің саны басым. Бұл – жүйелі түрде шешілетін мәселе. Оны тек заң арқылы ғана шешуіміз керек. Мемлекеттік тілге толыққанды мәртебе берілуі қажет. Қазақстан мемлекетінде бір ғана мемлекеттік тіл – ол қазақ тілі болуы тиіс. Бұл Ата заңымызда да, Тілдер туралы заңда да солай жазылуы керек. Қазір қарасаңыз, ата-аналардың арасында балаларын орыс мектебіне беретіндердің үлесі жылдан-жылға артып келе жатыр. Биыл 2019 жылмен салыстырғанда баласын орыс мектебіне беретіндердің үлесі артып кеткен.

***– «Билік десе әкесін, байлық десе бабасын ұмытып кететіндермен толассыз күрес бұрын да, қазір де жүріп жатыр» депсіз. Дегенмен қазіргі күрес Абайдың заманынан ауырлау секілді, сізге қалай?***

– Өтпелі қоғам деген нәрсе бар, бір қоғамдық формациядан екінші кезеңге көшетін кез. Бұрын біз социалистік қоғамнан, ондағы жоспарлы жүйе, барлығы тең деп санайтын, жекеменшікке мән берілмейтін жүйеден тікелей әртүрлі меншік болатын қоғамға өттік. Сол тоқсаныншы жылдардың ортасында жаңа жүйеге өткен кезде халықтың басым бөлігі өзінің үлесінен құр қалды. Ал қоғамдағы элита, сол кездегі басшы қызметтегілер зауыт, фабрикаларға ие болып қалды. Оны жасыратын ештеңесі жоқ. Сондықтан қоғамдағы бай мен кедейлердің ортасындағы айырмашылық жылдан-жылға алшақтап барады. Бұл – өте қауіпті нәрсе. Көптеген Еуропа елдерін қарасаңыз, байлар мен кедей таптың айырмашылығы айтарлықтай үлкен емес. Бізде бірнеше есе болса, оларда шамалы ғана. Сондықтан Елбасы да, қазіргі Президентіміз де бізде орта тапты қалыптастыру керектігіне баса назар аударады. Бірақ әлі орта тапты қалыптастыра алмай жатырмыз. Орта тап деген не? Бұған тұрақты түрде жалақы алып, балаларын оқыта алатын, емханаларда толықтай емделуге мүмкіндігі және шетелге шығуға жағдайы бар адамдар жатады. Орта тапты көтеріп, олардың санын көбейтпейінше, біз әділетті қоғам құра алмаймыз. Бұл мүмкін емес. Ал орта тапты қалыптастыру үшін шағын және орта бизнесті дамыту керек. Алайда оның да үлесін көтере алмай келеміз. Кешегі пандемия да оған кері әсерін тигізді. Орта тап деген, мысалы, менің кішкентай шаштаразым, дүкенім бар, болмаса шағын наубайханам болуы мүмкін, осындай орта тап көбейген жағдайда қоғам күшейеді. Сонымен қатар біздің елімізде 100 мыңға жуық азамат мемлекеттік қызметте істейді, солар да орта тапқа жатуы керек. Бұлардан бөлек дәрігерлер, мұғалімдер, мәдениет саласында істейтін бюджеттік сала қызметкерлерін де орта тапқа жатқызуымыз қажет. Бұл топтағылардың жалақысы енді-енді көтеріліп келе жатыр. Негізі, алатын айлығы төмен. Отбасының күнделікті қажеттіліктеріне жұмсауға жететіндей жалақы алатын болса орта тапқа жатады. Соған әлі де шамамыз келмей тұр. Орта тап қалыптаспайынша, олардың мемлекеттегі үлесі 60 пайызға жетпейінше тұрақты қоғам құрамыз деу бекершілік. Себебі кедей тап басым болса, үнемі билікке наразы, ылғи да билікті сынаушы, тек сұрай беретіндер көп болады. Сондықтан да биліктегі азаматтардың, оның ішінде Парламенттің басты мақсаты – орта таптың қалыптасуына жағдай жасау. Ең төменгі жалақыны келесі жылы 60 мыңға шығарып жатырмыз, ең төменгі күнкөріс деңгейі – 36 мың теңгенің айналасы. Ал сіз осы ақшаға 1 ай өмір сүре аласыз ба? Әрине, жоқ. Сондықтан да бұл бағытта Үкімет көп жұмыс жасау керек. Мемлекет тек мүгедек жандарға, оларды асырап отырғандарға, қарт кісілерге, көпбалалы аналарға ғана көмектесіп, қалған қол-аяғы бүтін, дені сау халықтың жұмыс істеп, еңбек етуіне мүмкіндіктер ғана ұсынуы қажет. Бізде сол бағытта түрлі әлеуметтік бағдарламалар қабылданды, жұмыспен қамтуға байланысты да бірнеше жобалар бар, әлеуметтік жұмыс көздері де қарастырылады. Бірақ солардың бәрі әлде де болса аздық етуде.

Кез келген ұлтты топтастырып, тұтастыру үш нәрсеге ¬ тіл, діл, дінге байланысты болады. Егер біз осы үш нәрсені бөліп алатын болсақ, ұлттың біртұтастығы, біркелкілігінен айрыламыз. Түптеп келгенде, елде тіл тұтастығы болмайынша ұлттың да тұтастығына қол жеткізе алмаймыз.

***– Қазіргі урбанизация дәуірінде ауылдан қалаға көшетіндер көбейді. Бірақ бұл ірі қалаларға жүктеме түсіреді және ауылдардың жойылуына әкеледі. Оны тоқтатудың жолы қайсы?***

– Иә, рас, ауылдан көшетіндер өте көп. Кейбір деректерге сүйенсек, соңғы бес жылда ауылдық жерден 700 мыңдай адам қалаларға көшіп кеткен. Ауылдар бос қалып жатыр. Әрине, көшем деген адамды ұстап тұра алмайсың, өз еркі. Олар ауылдан неге көшеді? Себебі ауылда жұмыс көзі жоқ, оңтүстік өңірлерде біршама жақсырақ, ал бірақ солтүстік, орталық өңірлерде жағдай қиын. Бұл жерлерде мал ұстауға мүмкіндік жоқ, ауа райы қолайсыз, жер де жетіспей жатады. Сондықтан ірі шаруашылықтарға мемлекет тарапынан көмек көрсетіліп жатыр, бірақ өз деңгейінде емес. Көмектесе отырып, ауыл халқын көбірек жұмыспен қамтып, мал ұстаймын, егін егемін дегендерге мемлекет тарапынан тұқым, техника жағынан болсын қолдау көрсетілсе, ауыл халқын тұрақтандыруға болады. Осы жағынан маған Қытайдың реформасы ұнайды. Қытайда да дәл біздікіндей жағдай болған. Тіпті бізден де күрделі кезеңдер өткен. 1980 жылдардың аяғынан бастап Қытай ауыл шаруашылығына ұзақ уақытқа өсімсіз несие берді. Мәселен, бес жылға дейін 30 мың доллар алады, сол аралықта олар бір долларын да қайтармайды. Бұл бір, екіншіден, сол шаруа егін екеннен кейін мемлекетпен келісім-шарт жасайды да, мемлекет олардың өнімін қойған бағаға сатып алады. Ал бізде өнім өндіргеннен кейін оны өткізу де – проблема. Қытайдың осы ауыл шаруашылығы реформасы бізге келіңкірейді. Оны бірнеше рет айттық та.

***– Қазір елде рухани ұлттық құндылықтар төменден, тобырлану басым сипат алды. Соның себебі неден, әлде ұлттық идеологияның жоқтығынан көреміз бе?***

– Бұл ұғымның ауқымы кең, оның ішінде ең басты нәрсе – ұрпақ тәрбиесі. Тәрбиенің шетін шығарсаң, ол тағы біраз мәселеге барып тіреледі. Тәрбиені бірінші кезекте ата-ана, екіншіден, мектеп, колледж бен жоғары оқу орындары яғни орта береді. Бұлардың бәрі тәрбие беруде жүйелі түрде жұмыс істеуі керек. Бірақ көбіне байқайтынымыз – қазір ата-ананың ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін өткен 30 жылдың ішінде түсіріп алдық. Толық емес отбасылар көбейді, отбасылық құндылықтарға мән берілмей қалды. Осы тұрғыда мемлекеттің тұтас бір ұстанымын әлсіретіп алдық. Ұлттық құндылыққа дін де кіреді. Ол да – тәрбие берудің бір саласы. Кезінде есік-терезенің бәрін ашып тастадық, түрлі діни ағымдар жан-жақтан ағылып кіріп жатты. Соның салдарынан қазір халқымыз діни көзқарастар бойынша жік-жік болып бөлінетін болды. Бір ұлт – бір халық. Бірақ діни көзқарастарға келгенде әртүрлі пікірде. Бұл дұрыс емес, тұтас ұлтта тұтас дін болу керек. Білімге байланысты бізде жақсы бағдарламалар бар, мысалы, «Болашақ» бағдарламасы бай, кедей демей, білімді жастарды оқытты, бұл – Елбасының төл бағдарламасы. Сонын іштегі мектептерді де элиталық, жай деп бөліп тастадық. Элиталық мектептерге пәлен миллион теңге беріп оқытады, сол мектептердегі балалар мен қарапайым мектептердегі балалар арасында да көзқарастар алшақтығы бар. Мектепке барған кезде бай, орта, кедей таптағы ата-аналар болады. Бай баласын мектепке үлкен «Джип» көлікпен апарады, ал мұны жағдайы төмен, автобуспен баратын бала көріп, айырмашылықты сезеді. Содан барып олардың бойында қоғамға деген өшпенділік пайда болады. «Неге менің әке-шешем кедей, неге ана баланың ата-анасы бай?» деген оймен өзін кем сезінуі, айналаға деген ызасы күшейеді. Ал Еуропа елдерінде адамдар бай болған сайын барынша қарапайым бола түседі, мүмкіндігі келгенше байлықтарын көрсетпейді, ыңғайы келгенше автобустармен жүруге тырысады, балаларын да қоғамдық көлікке мінгізеді. Сондықтан осы жағынан біздің халқымыздың бойындағы Абай айтқан мақтаншақтық, өзін өзгелерден жоғары ұстауға ұмтылу, менмендік сияқты теріс қылықтар елдің ішінде билікке, бай адамдарға деген өшпенділікті арттыруға себеп болуда. Одан басқа біздің балалардың әртүрлі мектептерге баратыны да – үлкен мәселе. Себебі орыс мектебінде оқитындардың қоғамдағы көзқарастары мүлдем бөлек, таза қазақ мектептеріндегі оқушылардың санасы мүлдем басқа. Мектептердің екі тілге бөлінуінің өзі, тіпті балабақшадан бастап екі түрлі тәрбие алуы баланың санасында айырмашылықтар туғыза бастайды. Қоғамдағы белгілі бір құбылыстарға олар әртүрлі көзқараспен қарайды. Мұның өзі ұлтты тұтастыруға кедергі болатын жайт. Айналып келгенде, кез келген ұлтты топтастырып, тұтастыру үш нәрсеге – тіл, діл, дінге байланысты болады. Егер біз осы үш нәрсені бөліп алатын болсақ, ұлттың біртұтастығы, біркелкілігінен айрыламыз. Түптеп келгенде, елде тіл тұтастығы болмайынша ұлттың да тұтастығына қол жеткізе алмаймыз. Біздің Ресеймен шектесетін 5 мың шақырым шекарамыз ашық жатыр, көршінің бүкіл телевидениесі де бізде толық көрсетіледі, Қазақстанда халықтың 70-80 пайызы орыстың телевидениесін көреді, ақпараттарын оқиды. Осы жағынан латын қәрпін енгізу ұтымды ұсыныс болатын. Көрші Өзбекстан, түркі тектес мемлекеттердің барлығы өздерінің графикасын латыншаға көшіріп, жөндеп алды. Дүние жүзінде миллиардтаған халық осы латын қәрпін пайдаланады. Қазір әлемде орыс тілінің үстемдігі жоқ. Бәлкім, тек 200 млн халыққа ғана ықпалы бар шығар, қалған жерде орыс тілін мойындамайды. Өз пікірім – Қазақстанда ең негізгі тіл – ол қазақ тілі болып қалып, екінші ағылшын тілін балаларымыз мектеп бітіргенде сөйлей алатындай деңгейде біліп шығуы керек. Бұл ретте бізге ағылшын тілінен төнер қауіп жоқ, себебі олармен шекаралас жатқан жоқпыз. Алайда ағылшын тілін мектепте жаппай бірінші сыныптан оқытуға да қарсымын. Өйткені әлі ойсанасы қалыптаспаған балаға бірден бірнеше тілді үйретіп, бір мезетте бірнеше тілдің әріптерін таныту қате нәрсе, бұл – баладан дүбәра жасау деген сөз. Сол себепті әріптерді оқып, жазуды ана тілінде үйреніп алғаннан кейін 4-5 сыныптан бастап ағылшын тілін меңгерткен жөн. Осы тұрғыда Германия, Түркия, Жапония, Еуропа елдерінің балаларға білім берудегі үлгілері керемет, олар бастауыш сыныптарда міндетті түрде тек қана өз ұлтының тілін оқытады. Содан кейін барып, балалардың қалауы бойынша басқа тілді үйретеді. Бізде қалау жоқ, міндеттеу бар.

***– Сұхбатыңызға көп рахмет!***

**Райхан РАХМЕТОВА**
**«Астана Ақшамы» газеті**

СҰХБАТ

# «Зейнетақы жинағын пайдалану мұқият зерделеуді талап етеді»

**Республиканың барлық өңірлерінде дерлік шектеу шараларының сақталуына қарамастан, БЖЗҚ салымшыларының жеке зейнетақы шоттарына жарна түсіп жатыр. Оларға былтыр және биыл есептелген инвестициялық табыс өткен жылдардың көрсеткіштерінен асып түсті. БЖЗҚ салымшылар мен алушыларға өз шоттарын бақылау және басқа да зейнетақы қызметтерін алу мүмкіндігін жеңілдету үшін барынша заманауи әрі ыңғайлы қызметтерді ұсынуда. Бұл туралы бізге «БЖЗҚ» АҚ Қызылорда облыстық филиалының директоры Құрманғали Арнұр Дәдеңұлы баяндап берді.**

Sb Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА, «Сыр бойы»

**– Арнұр Дәдеңұлы, ағымдағы жыл зейнетақымен қамсыздандыру мәселелеріне елеулі өзгерістер енгізді. Олардың ең бастыларына тоқталып өтсеңіз.**

– Ең көп талқыланатын тақырыптардың бірі – қазақстандықтардың өз жинақтарының бір бөлігін кезек күттірмейтін қажеттіліктерге, атап айтсақ, тұрғын үй жағдайларын жақсарту мен емделуге пайдалану құқығы. Сондай-ақ, салымшыға инвестор болу – инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау және оған өзінің зейнетақы жинақтарының бір бөлігін аудару мүмкіндігі пайда болды. Жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану және инвестициялық портфельді басқарушыларға аударудың басты шарты – жинақтардың жеткіліктілік шегінен асатын бөлігінің болуы. Басқаша айтқанда, бұл мүмкіндікті жылдар бойы тұрақты түрде (қазақстандық жинақтаушы зейнетақы жүйесіне биыл 23 жыл) аударым жасап және зейнетақының ең төменгі мөлшерін қамтамасыз ету үшін қажетті соманы жинақтаған тұрғындар пайдалана алады.

Зейнетақы жинақтарының көбеюі мен ұзақ мерзімге пайдалануға ықпал ететін басқа да маңызды жаңалықтар бар. Мысалы, БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдері әдістемесінің, ерікті зейнетақы жарналарын ашу және төлеу шарттарының өзгеруі.

**– Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану үдерісінде БЖЗҚ-ның атқаратын рөлі қандай?**

– Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтары бар тұлғалар соның бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту және емделу үшін пайдалана алады. Ол үшін:

**1) жеке зейнетақы шотындағы МЗЖ және МКЗЖ есебінен жинақталған қаражат ең аз жеткіліктілік шегінен асуы тиіс.**

Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемінің мөлшері салымшының МЗЖ және МКЗЖ есебінен жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы мен жинақталған зейнетақы қаражатының ең аз жеткіліктілік шегі арасындағы айырма сомасынан аспауы керек.

**2) ал отставкадағы судьялар үшін зейнетақы мөлшері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен айқындалатын 40 пайыздан төмен емес деңгейде алушының орташа айлық табысын алмастыру коэффициентін қамтамасыз етеді. Оны есептеу кезінде алушының зейнеткерлікке шығу күнінен бұрын алып отырған, бірақ республика бойынша орташа айлықтан аспайтын табысы ескеріледі.**

Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемінің мөлшері салымшының МЗЖ және МКЗЖ есебінен жинақталған зейнетақы қаражатының сомасынан аспауы тиіс.

**3) сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасағандарбіржолғы зейнетақы төлемінің мөлшері салымшының жеке зейнетақы шоттарындағы МЗЖ және МКЗЖ есебінен жинақталған зейнетақы қаражатының мөлшерінен аспауға тиіс.**

Осылайша, азаматтардың өз пайдасына немесе жұбайының, жақын туыстарының тұрғын үй жағдайын жақсартуға зейнетақы жинақтарын алу, өздері немесе жұбайы, жақын туыстарының емделуіне ақы төлеу үшін аталған шарттардың біріне сай келуі жетіп жатыр.

Ең алдымен, **азаматтар зейнетақы жинақтарының бір бөлігін** пайдалану құқығын іске асыру үшін өздерінің зейнетақы жинақтарын **тексереді. БЖЗҚ-дағы** жеке зейнетақы шотында алуға қолжетімді соманың бар екеніне көз жеткізулері тиіс. Қордың enpf.kz корпоративтік сайтындағы жеке кабинетте, БЖЗҚ жаңартылған мобильді қосымшасында осы жылдың қаңтар айынан бастап қолжетімді сома туралы ақпаратты онлайн режимінде тексеруге мүмкіндік бар. Зейнетақы жинақтары туралы қажетті мәліметтерді egov.kz порталы арқылы да алуға болады.

БЖЗҚ-дағы өзінің зейнетақы жинақтарын тексергеннен кейін тұрғын үй жағдайын жақсарту немесе емделуге зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалану туралы шешім қабылдаған салымшылар арнайы шот ашу және электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдаланады. Біржолғы зейнетақы төлеміне өтініш беру үшін уәкілетті операторға интернет-портал арқылы жүгінеді. Уәкілетті операторға төлем жасауға өтініш берген кезде салымшы біржолғы зейнетақы төлемі кезінде жеке табыс салығын (ЖТС) төлеу тәсілін өзі таңдауы тиіс (жарналарды БЖЗҚ-ға аударған кезде ЖТС алынбайтынын естеріңізге саламыз). Азаматтар БЖЗҚ-ға ЖТС-ті біржолғы зейнетақы төлемі сомасынан қай уақытта ұстап қалу керектігін өздері көрсетеді. Оның екі жолы бар: бірден толық төлеу немесе кейінге қалдыру (зейнетақы төлемдерінің кестесі бойынша зейнетақы жасына жеткен кезде ай сайын тең үлестермен).

Уәкілетті оператор екі жұмыс күні ішінде БЖЗҚ-ға электрондық хабарлама жібереді. Оны алғаннан кейін қор 5 жұмыс күні ішінде уәкілетті операторға салымшының біржолғы зейнетақы төлемінің сомасын аударады. Оны салымшының арнайы шотына салады.

Біржолғы зейнетақы төлемінің сомасы уәкілетті операторда (егер бұл «Отбасы банк» АҚ болса) ашылған салымшының арнайы шотында 45 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде болуы мүмкін. Осы мерзім ішінде уәкілетті операторға нысаналы мақсаттарға арналған құжаттар ұсынылуы қажет. Олар көрсетілген мерзімде берілмесе біржолғы зейнетақы төлемі салымшының БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шотына қайтарылады. Барлық өтініштерді уәкілетті оператор **«бір терезе» қағидаты бойынша** қарайды және азаматтар тарапынан БЖЗҚ-ға жеке өтініш жасау талап етілмейді.

Қараша айының басындағы деректерге қарағанда (02.11.2021) БЖЗҚ тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін берілген 485 772 өтінішті орындады. Уәкілетті оператор-банктерде ашылған қазақстандықтардың арнайы шоттарына БЖЗҚ 1,96 трлн теңге аударды. Біржолғы зейнетақы төлемдерінің орташа сомасы – 4 млн теңге.

Қызылорда облысындағы деректерді келтіретін болсақ, 2021 жылдың 2 қарашасындағы мәлімет бойынша біржолғы зейнетақы төлемдері есебінен үй жағдайын жақсартуға 12 864 салымшының 39 355 млн теңге көлеміндегі өтініштері қанағаттандырылды. Сомалардың орташа мөлшері 3,1 млн теңгені құрады. Айта кетейік, шамамен 270,5 млрд теңге белгіленген мерзімде пайдаланылмағандықтан уәкілетті операторлардан салымшылардың жеке зейнетақы шоттарына қайтарылды.

Сондай-ақ, БЖЗҚ жалпы сомасы 54 млрд теңге болатын 59 464 өтінішті орындады. Бұл ретте алымдардың орташа сомасы 0,9 млн теңге болды. Сонымен қатар, салымшылардың БЖЗҚ-дағы ЖЗШ-на уәкілетті оператордан («Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ) 7,9 млрд теңге қайтарылды, бұл қаражат өтініш берушінің ұсынысы және өзге де себептермен белгіленген мерзімде пайдаланылмаған.

Қызылорда облысына қатысты деректерді келтіретін болсақ, 2021 жылдың 2 қарашасындағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарын емдік шараларға қолдану үшін берілген 3180 салымшының 2473 млн теңге көлеміндегі өтініші орындалды. Аударылған сомалардың орташа мөлшері 0,8 млн теңгені құрады.

**– Әрине, тұрғын үйге және емделуге алынған біржолғы төлемдер болашақ зейнетақы мөлшеріне әсер ететінін елемеуге болмайды. Зейнеткерлікке шыққан кезде салымшы үшін мұның салдары қандай болуы мүмкін?**

– Дұрыс айтасыз, жинақтардан алынған кез келген қаржы салымшының зейнетақысына әсер етеді. Болашақта ол біржолғы төлем алу мүмкіндігін пайдаланбаған салымшыларға қарағанда төмен зейнетақы алатынын есте ұстаған жөн.

Зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегі әрбір жас мөлшері үшін, тым болмағанда ең төмен жалақыдан тұратқы жарналар кезінде салымшы өзінің жеке зейнетақы шотындағы базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшерін алып тастағанда (2021 жылы 43 272 теңге) ең төмен зейнетақы мөлшерінде БЖЗҚ-дан ай сайынғы төлемдерді алу үшін жеткілікті сомаға (2021 жылы 18 524 теңге) ие болатындай етіп есептелген. Басқаша айтқанда, қордан берілетін ең төменгі ай сайынғы төлемдер 24 748 теңгеден кем болмауы тиіс (2021 жылғы есеп бойынша).

Болашақ зейнетақыңыздың мөлшерін БЖЗҚ-ның болжамды зейнетақы калькуляторы қызметі (enpf.kz сайтында немесе БЖЗҚ мобильді қосымшасында) арқылы болжауға болады. Ол көпдеңгейлі зейнетақы жүйесіндегі зейнетақының барлық құрамдауыштарын есептейді: мемлекеттік бюджеттен берілетін базалық төлемнің және жасына байланысты зейнетақының (ортақ зейнетақының) болашақ мөлшерін, сондай-ақ, БЖЗҚ-дан төленетін (міндетті зейнетақы, міндетті кәсіптік зейнетақы және ерікті зейнетақы жарналары есебінен) жинақтаушы зейнетақыны есептейді. БЖЗҚ-дан төленетін болашақ төлемдерді есептеу табыстылықтың күтілетін деңгейін ескере отырып, үш (пессимистік, шынайы және оптимистік) сценарийде ұсынылған. Бұл ретте барлық болжамды нәтижелер нақты (яғни, болжамның тиісті кезеңінің инфляциясын шегергенде) құндық мәнде ұсынылады. Есептеулер салымшының нақты жинақтарына негізделеді (деректер калькуляторға жеке кабинеттен жүктеледі) және өз зейнетақысын жоспарлауға мүмкіндік береді. Соның ішінде **біржолғы зейнетақы төлемдерін алу кезінде оның қаншалықты азаятынын** айқын көруге болады.

Сондықтан зейнетақы жинақтарын баламалы мақсаттарға пайдалану салымшылардан қаржылық сауаттылықты, күтілетін зейнетақыны бағалау қажеттілігін, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін мұқият екшеуді талап етеді.

**– Зейнетақы жинақтарын басқарушы компанияларға аудару тақырыбын қозғағым келеді. Бұл жаңалықты салымшылар қалай қабылдады?**

– Жинақтың бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту немесе емделуге ғана емес, сондай-ақ, инвестициялық портфельді басқарушы (ИПБ) компанияларға инвестициялық басқаруға берудің заңнамалық нормалары күшіне енді. Бұл зейнетақымен қамсыздандыру нарығында қосымша бәсекелестік тудырып, БЖЗҚ салымшыларына өз жинақтарын қалауынша инвестициялауға мүмкіндік берді, яғни, ақша жүйеден шығарылмайды, сонда қалады және көбейеді. Басқарушы компанияны таңдау үшін, мүмкіндігінше, оның қызметімен танысу керек. Негізгі ақпарат инвестициялық декларация, комиссиялық сыйақы туралы мәлімет БЖЗҚ сайтының «Қызметтер» бөлімінде орналастырылған. Қазіргі уақытта қор зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы төрт ИПБ-мен, атап айтсақ, «Jusan Invest» АҚ, «Halyk Global Markets» АҚ, «BCC Invest» АҚ және «Сентрас Секьюритиз» АҚ арада келісім-шарттарға қол қойды.

Зейнетақы активтері ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына алғаш берілгеннен кейін салымшы:

- БЖЗҚ-ға өзінің зейнетақы жинақтарын бір ИПБ-дан екіншісіне сенімгерлік басқаруға беру туралы жылына тек бір рет өтініш ұсынуға;

- Ұлттық банктің сенімгерлік басқаруына қайтаруға (зейнетақы жинақтары ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына алғаш берілгеннен кейін екі жылдан ерте емес) өтініш беруге құқылы.

Салымшы зейнет жасына жеткенге дейін күнтізбелік 10 күн бұрын жинақтар Ұлттық Банктің инвестициялық басқаруына қайтарылады. Осы жылдың 2 қарашасындағы жағдай бойынша шамамен 5,4 млрд теңге аударылды, БЖЗҚ 2 мың 912 өтінішті орындады. Аударымның орташа сомасы – 1,9 млн теңге. Қызылорда облысы бойынша мәлімет келтіретін болсақ, 2 қарашадағы көрсеткішке сәйкес 44 салымшы зейнетақы жинақтарының жеткілікті шегінен асқан сомасынан 44 млн теңге көлемінде басқарушы компаниялардың сенімгерлік басқаруына аударды. Аударымдардың орташа мөлшері 1 млн теңгені құрады.

Зейнетақы жинақтары сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі егжей-тегжейлі статистика да enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» - «Басқарушы компанияларға зейнетақы жинақтарын беру» бөлімінде қолжетімді екенін атап өткім келеді.

**– 2021 жылғы ең көп талқыланып жатқан тақырыптардың бірі – БЖЗҚ-дан төлем жасау әдістемесінің өзгеруі. Түзету енгізілуіне не себеп болды?**

– 2021 жылдың 1 сәуіріне дейін қолданыста болған әдістемеге сәйкес БЖЗҚ-дан кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің ай сайынғы сомасының мөлшері жыл сайын қайта есептеліп, алушының тиісті жасындағы зейнетақы жинақтарының қалдық сомасын олардың ағымдағы құнының коэффициентіне көбейтіндісінің он екіден бірін құрады. Ағымдағы құн коэффициенттері 2000 жылдардың басында өзекті болған өмір сүру ұзақтығы, кірістілік және т. б. өлшемдерді ескере отырып айқындалды.

Алайда зейнетақыны жоспарлаудың әлемдік тәжірибесін, әлеуметтік және демографиялық факторларды ескере отырып, бұл өлшемдерді жаңарту қажеттігі пісіп-жетілді. Мысалы, Қазақстанда алушының зейнеткерлік жастан бастап (2021 жылы ер-лер – 63 жас және әйелдер – 60 жас) күтілетін өмір сүру ұзақтығы бүгінгі күні ерлер мен әйелдер үшін, тиісінше, 80 және 82 жасты құрайды. Сондықтан зейнетақы жинақтарының негұрлым ұзақ мерзімге төленуі жайлы мәселе туындады.

Сонымен қатар қауіпті және зиянды салалар қызметкерлері, мүгедек адамдардың ерекшеліктерін ескеру қажет. Өйткені, олардың күтілетін өмір сүру ұзақтығы Қазақстан бойынша орташа көрсеткіштен өзгеше. Сондықтан арнайы санаттағы алушылар үшін көтермелеп түзету коэффициенттері қарастырылған. Мұның барлығы жаңа әдістемеде көрсетілген. Соған сәйкес 2021 жылғы 1 сәуірден бастап зейнетақы төлемдерін жүзеге асырудың бірінші жылындағы жылдық сома зейнетақы жинақтары сомасының зейнетақы жинақтары төлемдерінің 6,5% мөлшерлемесіне көбейтіндісі ретінде есептелетін болды. Содан кейін бұл нәтиже 12-ге бөлінеді, сол арқылы біз БЖЗҚ-дан ай сайынғы төлем мөлшерін аламыз. Келесі жылдары ол жыл сайын зейнетақы төлемдерін индекстеу мөлшерлемесіне өсетін болады – 5%.

2021 жылдың басынан бастап БЖЗҚ-дан берілетін төлемнің ең төменгі мөлшері өсті. Егер бұрын ол ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54%-ын құраса, қазір ол ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ын (немесе 24 011 теңге) құрайтын болды. Осылайша, көптеген алушылар үшін төлем мөлшері артты. 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін БЖЗҚ-дан төлемдерді ала бастаған азаматтар үшін зейнетақы төлемінің жыл сайынғы мөлшері ең төмен зейнетақының отыз еселенген мөлшерінен кем болмайды (2021 жылы 30 х 43 272 = 1 298 160 теңге). Төлемдер бұрын таңдалған кесте бойынша жүзеге асырылады. БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 31 наурызға (қоса алғанда) дейін іске асырған адамдарға жаңа әдістемеге сәйкес, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ай сайынғы зейнетақы төлемдері зейнетақы төлемдерін индекстеудің 5% мөлшерлемесіне ұлғайып отырады. Кейіннен жыл сайын индекстеледі.

**– Болашақ зейнетақымызды көбейтудің маңызды құралы – ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) туралы білгім келеді, бұл мәселеде қандай өзгерістер болды?**

– Ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) – бұл салымшылардың өз бастамасы бойынша БЖЗҚ-ға салатын ақшасы. Оларды жеке тұлғалар өз пайдасына, жеке және заңды тұлғалар үшінші тұлғаның пайдасына аудара алады. Бұл ретте ЕЗЖ мөлшері мен төлеу кезеңділігін жеке немесе заңды тұлға дербес белгілейді.

ЕЗЖ төлеудің артықшылықтарының бірі – жеке тұлға ЕЗЖ-ны өз табысы есебінен жеке пайдасына төлеген кезде салық заңнамасында ЕЗЖ төленген сомаға салық шегерімінің көзделгендігі. Бұдан басқа, 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап салық агенті (жұмыс беруші) өз қаражаты есебінен қызметкердің пайдасына төлейтін ЕЗЖ корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шегерімге жатқызылады. Сонымен қатар, жұмыс берушінің қызметкердің пайдасына төлеген ЕЗЖ сомасы қызметкердің табысына салық салу кезінде ескерілмейді.

Айта кетейік, ағымдағы жылдың 1 мамырынан бастап ЕЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шотын ашу үшін БЖЗҚ-ға келіп түскен алғашқы ерікті зейнетақы жарнасы негіз бола алады. Осылайша, салымшыға қор кеңесіне барудың қажеті жоқ.

**– БЖЗҚ салымшылар мен алушыларға қызметтер ұсынудың жеделдігімен және жоғары сапасымен ерекшеленеді. Өз салымшыларыңызға қандай қызмет түрлерін көрсететіндеріңізді және қазақстандықтардың қандай өтініш беру тәсілін жиі таңдайтындарын айтып берсеңіз.**

– Өткенде БЖЗҚ өз салымшыларына 30 миллионнан астам қызмет көрсетті. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 46% көп.Электрондық форматта 22,2 миллионға жуық қызмет көрсетілді, бұл қызметтердің жалпы көлемінің 73% астамын құрайды. БЖЗҚ сайтында да, мобильді қосымшасында да бар жеке кабинетте салымшылардың қызметтерді кез келген уақытта және кез келген жерде алу мүмкіндігі бар екенін естеріңізге сала кетейін. Қызметтердің бір бөлігі автоматты форматқа ауыстырылды. Бұрын айтқанымдай, қазір МЗЖ бойынша да, ЕЗЖ бойынша да салымшылардың өтініштерінсіз-ақ шот ашуға болады. Бұл салымшылардың уақытын едәуір үнемдеуге көмектеседі. 2021 жылдың 26 қазанынан бастап тағы да заңнамалық өзгерістер күшіне енді, соған сәйкес міндетті кәсіптік жарналар есепке алынатын шоттар да өтініш бермей-ақ ашылады. Бұл жарналардың осы түрін төлейтін жұмыс берушілер үшін өте ыңғайлы.

2021 жылдың 1 қазанына автоматты форматта (өтінішсіз жүгінулер) 5,1 миллионнан астам қызмет немесе жалпы көлемнің шамамен 17% көрсетілді. Нәтижесінде БЖЗҚ-ның 90 пайыздан астам қызметін үйден немесе кеңседен шықпай-ақ алуға болады. Алайда шектеу шаралары кезеңінде біз салымшыларымыздың көпшілігінің қызметтерді Қор бөлімшелерінен тікелей алуды қалайтындарын байқадық. Айтқандай, алдағы 1,7 миллионнан астам қызметті еліміз бойынша тікелей БЖЗҚ-ның 183 қызмет көрсету кеңселерінен алады.

Қор бөлімшелері жоқ елді мекендерде қызметтердің бір бөлігін (хабарлау тәсілін, салымшының (алушының) қосымша деректемелерін өзгертуді) «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінен алуға болады. БЖЗҚ-да көшпелі қызмет көрсету бөлімдері бар. Олар қатаң санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып, жұмыс істейді. Бұл ретте алдын ала кеңес беру (оның ішінде қызметтерді онлайн алу мүмкіндігін тексеру) жүзеге асырылады. Осылайша, БЖЗҚ қызметтері ірі қалалар мен шалғайдағы шағын елді мекендердің тұрғындарына да бірдей қолжетімді.

Ағымдағы жылы, 2021 жылдың 01 қазанына сәйкес көрсеткіштер бойынша, Қызылорда облыстық филиалында зейнетақы төлемдерін алуға бағытталған 3 472 өтініш, сақтандыру мекемелеріне аударуға бағытталған 108 өтініш қанағаттандырылды, салымшылардың қосымша деректемелеріне өзгеріс кіргізу бойынша 22751 қызмет көрсетілді, салымшылардың жеке зейнетақы шоттарынан 53 163 үзінді көшірме берілді, зейнетақы шарттарынан 14 155 телнұсқа берілді және де ақпараттандыру құралдарын өзгерту туралы 15 504 қосымша келісім-шарт рәсімделді.

*(Мақаланың толық нұсқасы https://syrboyi.kz/ сайтында)*

БРИФИНГ

# Ауданда ауызсу мәселесі жоқ

**Жыл басынан бері Сырдария ауданының бюджеті 12 млрд теңгеден асты. Мұның 63 проценті әлеуметтік салаға бағытталған. Атқарылған шаруалар жайлы аудан әкімі Мұрат Ергешбаев өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтып берді.**

Sb Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Сырдария – аграрлық аудан. Ауыл шаруашылығы саласында өсім бар. Күріштен өзге майлы дақылдар, бақша мен көкөніс, картоп егіледі. Ет пен сүт бағытында мал бағылады. Сондай-ақ экономикаға тікелей ықпал жасайтын өнеркәсіп саласында оң динамика бар. Сырдарияда биыл 7 млрд теңгенің өнімі өндірілген. Соның арқасында былтырғы қорытындымен салыстырғанда өнім өндіру 60 процентке артып отыр.

– Биыл ауыл шаруашылығына қатысты өнім көлемі 20 млрд теңгені құрап отыр. 33 мың гектардан аса жерге түрлі дақылдар егілді. Аудан бойынша 133 мың тоннадан астам күріш жиналды. Ресей, Әзербайжан, Моңғолия, сондай-ақ көрші Қырғызстан мен Тәжікстанға 1,7 тонна ақ күріш экспортталды. Мал санында өсім бар. Қазір тіркелген 34 мың бас ірі қара, 29 мың уақ мал, 17 мың жылқы және мың жарым бас түйе бар. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы мал санын арттырып отырғандар да жеткілікті, – дейді аудан басшысы.

Сырдарияда мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында құны 2,4 млрд теңгені құрайтын 500 жоба қаржыландырылған. Соның нәтижесінде 450 жұмыс орны ашылыпты.

Ауданда 2611 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның ішінде жұмыс істеп тұрғаны – 2434. Өткен жылмен салыстырғанда 6 процентке өсім бар.

Ауызсу мәселесі толығымен шешілген бірден-бір аудан – осы Сырдария. Сондай-ақ жол құрылыстарына да басымдық берген.

– Бізде автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 480 шақырым. Қазір жол сапасы жағынан 92 процентті қамтып отырмыз. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Тереңөзек кенті, Ақжарма мен А.Тоқмағамбетов ауылдарында жолдар жөнделді. Бір өкініштісі, ауданға қарасты елді мекендердің электр желілерінің 70 проценті нашар. Тозығы жетіп тұр. Осыны шұғыл жаңарту керек. Қазір Шағаң, Аманкелді, Қоғалыкөл, А.Тоқмағамбетов ауылдарына 744,2 млн теңгенің жобасы ұсынылды, – дейді М.Ергешбаев.

Ауданды «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету – көп көкейіндегі мәселе. Қазір аудан орталығындағы 36 әлеуметтік нысан, 1350 тұрғын үйді газбен қамту жоспарланған. Кентте-гі 70 процент жұмысы орындалған газдандырудың әлі де атқарар тіршілігі көп. Қазір 334 нүктеге құбыр тарту үшін республикалық бюджеттен 129 млн теңге бөлініпті.

– Ауданда апатты жағдайдағы мектептер жоқ. Үш ауысыммен оқитын білім беру мекемелері де тіркелмеген. Әрі бұлардың барлығы 100 процент интернетпен қамтылған. Мектепке дейінгі біліммен де дәл осылай қамтып отырмыз. Жастар саясатын жүзеге асыруда жобалар көп. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары жүйелі түрде жолға қойылған. Соның нәтижесінде биыл кәмелет жасына толмағандардың арасында қылмыс тіркелмеді, – дейді аудан әкімі.

Халық саны көп болмаса да Сырдариядағы тіршілік әзірге ширақ. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауындағы нақты міндеттер жоғары көрсеткішпен орындалуда. Елдің бірлігі мен шаруалардың тынымсыз тіршілігінің арқасында аудан экономикасы тұрақты дамып келеді.

21 ҚАРАША – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕЛЕВИДЕНИЕ КҮНІ

# Үштағанның ұжымдық еңбегі

**1998 жылдың наурызында БҰҰ Бас Ассамблеясы 21 қарашаны Дүниежүзілік телевидение күні ретінде жариялады. Бұл 1996 жылы өткен бірінші Дүниежүзілік телевизиялық форумды есте қалдыру мақсатында жасалған болатын. Қазіргі таңда ақпараттың жалпы қоғам өміріндегі алатын орны ерекше. Билік пен қоғам арасындағы бірлікті сақтай отырып, ұлттың рухани жаңғыруына үлес қосатын ірі сала – телевидениенің ақпарат кеңістігіндегі орны туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова айтты.**

– Телевидениенің ғасырлық тарихы бар. Электронды сәулелердің көмегімен белгілі қашықтықта бейнелерді қабылдап, көрсетудің алғашқы эксперименттері 1920 жылдардың басында АҚШ-та, Жапонияда және КСРО-да басталды.

Телевизия саласы – ұжымдық еңбек. Журналист, режиссер және оператор. Бұл үшеуі – телевизияның үштағаны іспетті, – деді ол.

Елімізде алғашқы отандық телевизия 1958 жылдың наурызында пайда болса, Сыр өңірінің тұңғыш телеарнасы 1991 жылдың 30 сәуірінде дүниеге келді. Тәуелсіздікке қадам басқан ақжолтай кезеңнен бастап қызылордалықтар көгілдір экраннан туған өлке жаңалықтарын көре бастады.

Брифингке қатысқан «Qyzylorda» телеарнасының директоры Жағыппар Қарабала 30 жылдық тарихы бар арнаның бүгіні туралы айтты.

– Алғашқы жылдары жарты сағат, бір сағат эфир тарату оңай болған жоқ. Жергілікті телеарна қазір 80 қызметкерімен 16 сағат хабар таратуда. Бұл жұмысты жүйелі ұйымдастырудың нәтижесінде, жаңартылған техникалардың арқасында осындай жетістікке жеттік. Әртүрлі жанрдағы 37 тақырыптық хабар шығарылады. Тікелей эфирлер мен ток шоулардың салмағы басым. Музыкалық контентті қалыптастыру арқылы жергілікті халықтың шығармашылығын дамытып, жастардың мықтылығын дәлелдегіміз келеді. Бүгінде «Qazaqstan» ұлттық телерадиокорпорациясына қарасты 14 филиалдың арасынан шығармашылық, көркемдік, экономикалық өсу, рейтинг жөнінде бірнеше жыл қатарынан 3-орында келеміз, – деді ол.

30 жыл ішінде аймақ айнасы көзіқарақты көрермен алдындағы адал миссиясынан айныған жоқ. Шынайы ақпар, жедел хабар тарату қағидасын басты назарда ұстап келеді.

Ал тәуелсіз «Qogam TV» телеарнасы 1999 жылдың 25 мамырында құрылып, көрерменнің көзайымына айналған шоқтығы биік ақпарат көзіне айналды. «Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясы» ЖШС-ның басқарушысы Тұрсынкүл Желдербаева телеарнаның тарихын тарқатты:

– «Қызылорда қалалық телеарнасы» алғашқы 4 сағаттық эфирін 1999 жылы көрсетті. Бастапқы уақытта 3 компьютер, 1 монтаж столы ғана болды. Қазіргі кезде эфир уақыты 14 сағатқа жетті. 20-ға жуық авторлық бағдарлама бар. Телеарнаға жұмыс істеуге жастар контингенті көбірек келеді. Біздің арна тәжірибе жинақтайтын үлкен мектеп десек те болады. Бүгінде 200-ге жуық қызметкеріміз біздің арнадан түлеп ұшып, жан-жақта жұмыс атқарып жүргенін мақтанышпен айта аламыз, – деді Тұрсынкүл Сардарбекқызы.

Айта кетейік, алдағы 2022 жылдың 1 шілдесінен бастап облыстық телеарна 100 пайыз цифрлық телехабар тарату жүйесіне қосылмақ. Ерекшелігі сол – телеарнаның жаңалығын теледидар арқылы ғана емес, кез келген электронды құрал арқылы көруге мүмкіндік туады.

**«СБ» ақпарат**

# Жандарбектің жан әлемі

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

**Әлем елдерінің мемлекеттігін айқындайтын нақты нышаны – оның рәміздері, яғни, Елтаңбасы, Туы, Әнұраны.**
**Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін Қазақстанның мемлекеттік рәміздері 1992 жылы 4 маусымда бекітілді. Ал, 2007 жылдан бері патриотизмді насихаттайтын дәстүрлі мереке күніне айналды. Расымен де рәміздердің мемлекет үшін алар орны ерекше. Соның ішінде Елтаңбаның да өзіндік мәні, егемендікті, азаттықты, мәдени және тарихи дәстүрді айқындайтын ерекшелік белгісі бар.**

Ресми деректерге сүйінсек, Елтаңба үшін 245 жоба дайындалған. Осы жобалардың ішінен үздік дегені таңдалды. Оның авторы белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.

1992 жылы қаңтар айында қазақ баспасөзі беттерінде Қазақстан Республикасы рәміздеріне бәйге жарияланғандығы туралы шағын хабарлама шықты. Ол кезде Жандарбек Өзбекстанда, Ташкент, Самарқанд, Әндіжан қалаларындағы бірнеше сәулеттік жобаларды жасауда сан мәрте жеңімпаз атанып, соның жайымен жүрген. Жұмыс болғасын бәрі белгілі, шаруасы шаш етектен келеді. Жандарбек Ташкент политехникалық институтының сәулет факультетін бітірген. Бірнеше жобалардың Бас сәулетшісі, Өзбек өнеркәсіптік ғылыми-зерттеу институтының қала құрылысы шеберханасының жетекшісі болды. Ал, рәмізге қатысты ойды біз автордың өз аузынан естісек деймін.

«Бәйге туралы оқығаннан кейін, «осыған кіріссем» деген ой келді. Бір айдай ойланып-толғанып, қабырғаммен кеңестім. Елтаңбаны қалай етіп жасасам деп күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылдым. Бұрындары Ташкенттегі Қазақтар орталығында «Достық» деген газет шығарған болатынбыз. Газеттің «шапкасына» шаңырақ күлдіреуішінде айқасқан екі қол салғанбыз. Осыны Елтаңба негізіне алғым келді. Әрі ойланып, бері ойланып, бір ай уақыт қалғанда ойымдағы нұсқаны жасауға кірістім. Біріншіден, Абай атамыздың өлеңдерін, қара сөздерін еске алдым. Ол сөздердің мағынасы тым тереңде жатыр ғой. Мен Абайдың кітаптарын жан қалтамнан тастамаймын. Абай атамыз: «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол, өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ» дей келе, «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой» деп ақыл қосады. Қазақтың бар болмысы осы сөздердің ішінде емес пе? Қазақтың табиғатын Елтаңбаға сыйғызуға тырыстым. Екіншіден, Қазақстан Тәуелсіздік алып, Отан болып отыр. Ал дана қазақ «Отан – отбасынан басталады» дегенді айтады. Ертеректе қазақтар киіз үйде өсіп-өнген. Сол қазақ тағы да «шаңырағың биік болсын, керегең кең болсын» дегенді айтады. Сондықтан Елтаңбаға мен киіз үйдің төбесінен қараған көрінісін алғым келді. Уықтары сәуле секілді шашырап тұрады. Осы киіз үйде қазақтың әл Фарабиі де, Абылайы да, Абайы да дүниеге келді ғой. Қазақтың байы да, кедейі де киіз үйді мекендеген. Бір ғана киіз үйдің ішінен қазақтың барлық дәстүрі мен мәдениетін табуға болады. Сол киіз үйді Елтаңбаға әкеліп салдым. Сосын былай алып қарасаң, шаңырақ шеңбер пішіндес қой. Жалпы, шеңбер – дүниенің тұтастығын, таусылмайтын өмір ағысын білдіреді. Енді мұны мәдениетімізбен ұштастыру керек болды. Археолог Кемал Ақышевтің Есіктегі Сақ қорғанын зерттеп жазған кітаптарын қарастырып отырып, Сақ ханзадасының тәжіндегі ою-өрнектерді ұзақ қызықтадым. Көп жылдар кеңестік тарих қазақты үйі жоқ, күйі жоқ, қаңғыбас халық деп келді. Ал, Есіктен табылған Сақ ханзадасы біздің дәуірімізге дейін өмір сүрген. Қазақтың терең-нен бастау алатын тарихы бар екенін әлемге мойындатты. Қазақтың әлем өркениетінде ойып алатын орны бар екенін тағы дәлелдеу үшін Сақ ханзадасының басындағы ою-өрнекті Елтаңбаға қондырдым».

Қазақ төрт түлікпен бірге өмір кешкен халық қой. Ал, нағыз байлық пыракта, тұлпарда. Сол тұлпарды Елтаңбаға енгізуді Жандарбек Мәлібекұлы жадында ұстады. Бір жағынан тұлпардың қанаты бидай масағын еске түсіреді. Бидай дегеніміз – нан. Сол аттың қанатына үш негізгі жолақ түскен. Бұл үш жолақ – қазақтың ұлы жүз, орта жүз, кіші жүзі. Енді үшеуі бір аттың үстіне біріктірілген. Мұндағы мақсат – жүзге бөлініп, қырық пышақ болмай, тұтас қазақ халқы деген атпен мәңгілікке ұмтылу. Елтаңбадағы негізгі сан – үштік. Үштік – тұрақтылықтың белгісі.

Ертеректе қазақ даласында жылқыкиік деген аң болған деседі. Бірақ кейіннен тұқымы құрып кетіпті. Сол жылқыкиіктің жеті буынды мүйізі болған екен. Ал қазақ үшін жеті киелі сан. «Жеті атасын білмеген жетесіз» деп айтып жатады. Жеті атаға дейін қыз алыспаудың өзі ұлт тазалығы мен рух тазалығын білдіреді. Кезінде академик Салық Зиманов «Жеті буынды мүйізді таңдағандарын дұрыс болды, мүйіз дегеніміз тоқтаусыз өсудің белгісі. Осы жеті ата кеткеннен кейін, тағы да жеті ата келеді. Бұл – қазақ халқының өлмейтінінің, мәңгілігінің белгісі» дегенді айтып еді. Ал шаңырақтың астында тұрған екі сызық – басқұр. Қатты дауылды күндері киіз үйді желдің ұшырып әкетуінен қорғайды, яғни Отанымыздың қорғалып тұрғандығының белгісі. Екінші жағынан – таразы. Дүниенің тепе-теңдігін білдіреді. «Жобамды қабылдау үшін бір жарым ай бойы Алматыда жүрдім. Әр сейсенбі күні Жоғарғы Кеңестің отырысынан бұрын Елтаңбаларды талқылау жүреді. Талас қатты болды. Комиссияның алдына шығып, өз еңбегіңді қорғайсың. Ол кездегі депутаттардың көбісінің қазақшылығы шамалы болатын. Қазақы иісі аңқыған Елтаңбаны қабылдауға олар жүрексінді. «Қазақтың қара шаңырағын герб қылудың қаншалықты пайдасы бар?» деген де әңгімелер болды. Елтаңбаның әрбір деталіне сұқтанып, «мүйізді алмалы-салмалы қылыңдар» деді. Төбесіндегі бес бұрышты да «алмалы-салмалы қылыңдар» дегендер де болды. Сессия кезінде гербтің төбесіндегі бес бұрыш алынып тасталған болатын. Біраз уақыт өткеннен соң Елбасының өзі «гербтің төбесінде бес бұрыш бар еді, сол қайда?» деп сұрады. Әйтеуір талас толастамады.

Түпкі вариантында жұлдыз бар. Сегіз бұрышты және бес бұрышты жұлдызды алып, салып, ауыстырып жүрген кезім болатын. Бірақ нақты таңдау болған жоқ еді. Сосын Елбасының сөзінен кейін бес бұрышты жұлдызды қалдырдық. Елбасының Ақ Ордасында Елтаңбаның менің қолымнан құйылған эталоны тұр. Сол эталондағы Елтаңбаның эскизі қазір менің қолымда. Елтаңба қабылданғаннан кейін оны Жоғарғы Кеңес ғимаратының мандайшасына ілу керек болды. Уақыт тығыз еді. Әріптестеріммен жұмыла кірісіп, екі-үш күнде бітірдік. Енді Елтаңбаны Алматыға жеткізу керек. Оның үлкендігі соншалық не ұшаққа, не пойыздың есігіне сыймайды. Шымкент қаласына телефон соғып, бұйымтайымды айтып едім, облыс басшылығы сөзге келместен КамАЗ көлігін жіберді. Тағы не керек деп сұрағанда, «Елтаңба салынған қораптың жан-жағына тығатын матрацты көбірек берсеңіз» дедім. Ташкент қаласынан Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің мандайшасына ілінетін Елтаңбаны КамАЗ-ға тиедік те, шопыр баланың қасына өз баламды қостым. Өзім Алматыға пойызбен жүріп кеттім. Жол бойы шопыр бала: «Мен тәуелсіз Қазақ елімнің Елтаңбасын әкеле жатырмын, ешқандай МАИ қызметкеріне тоқтамаймын» деп Алматыға жеткен. Сол шопыр жігітті бір көрсем деген арманым бар. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз қолымен «Қазақстан Республикасының Елтаңбасының авторы» деген жоғарғы мәртебелі куәлік берді. Басқа сый-сияпат күтпеймін. Елтаңба – ұлтыма жасаған сыйлығым. Ұлтымның алдындағы борыштылықтан туған дүниені пұлдағым келмейді» дейді өткен күндерді еске алған Жандарбек Мәлібеков.

Ол Өзбекстанда жоғары білім алып, азамат болып қалыптасты. Үйлі-баранды болды. Сол жақта 35 жыл бір жерде табан аудармай қызмет жасады. «Өзбекстанға Еңбек сіңірген сәулетші». Бәрі де еңбектің арқасы.

– Тарихтан белгілі, Төле бидің де, Әйтеке бидің де сүйегі Өзбекстанда жатыр. Жандарбек Мәлібековтің перзенттік парызы осы жерде де байқалады. «Төле бидің мазары Ташкентте. Бірақ мазарының мандайшасында Төле би емес, Қарлығаш би деп жазылған. Көптеген тарихи кітаптарды аударып-төңкерсем де «Төле бидің мазары» деген сөзді кездестіре алмадым. Барлық жерде «Қарлығаш бидің мазары» деп жазылған. Өзбектер «бұл жерде жатқан адам кезінде Әндіжан жақта тұрған, Қарлығаш деген би. Төле биді қойса да соның үстіне әкеліп қойған шығар» дейді. Төле бидің 7-8 ұрпағы Шымкентте тұрады. Сол кісілермен бірлесе отырып, Төле бидің мазарын жөндеуден өткізіп, Төле бидің атын қайтардық. «Төле би мазары» деп жазып, жақшаның ішіне «Қарлығаш би мазары» деп жаздық. Ашылуына Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев, Өзбекстан Республикасының Президенті И.Каримов қатысты» дейді.

Биылғы өткен Наурыз тойында данқты жерлесіміз, егемен еліміздің Елтаңбасының авторы Жандарбек Мәлібекұлына «Жаңақорған ауданының Құрметті азаматы» атағы тапсырылды. Салтанатты шарадан кейін Елтаңба авторы аудан жастарымен кездесу өткізді. Олардың жанарындағы бал-бұл жанған қуаныштарын көрсеңіз. Балалар құшағындағы Жандарбек ағаның да көңіл хошы ерекше. Ол – қарапайым да, сан тараулы қасиетті, құдіретті жан.

Қазір Жандарбек Мәлібекұлы Мәлібеков Елордадағы Л.Гумилев атындағы Еуразиялық университетінің Құрметті профессоры. «Құрмет» орденінің иесі.

**Өлмесхан БОЛАТБЕКОВ,**
**«Құрмет» орденінің иегері.**
Нұр-Сұлтан қаласы

**«Nur Otan» партиясы халықтың өмір сүру сапасын жақсарту мен еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету бағытында ауқымды істер атқарып келеді. Осы мақсатты көздеген партия алдағы бес жылда әрбір облыс, қала, ауданды дамытудың тың жоспарын жасап, оны жүзеге асыру бойынша «Жол карталарын» бекітті. Қазір осы құжаттың іске асырылуы қатаң қадағалануда.**

# Межеге жеткізетін мақсат

Партияның «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасы негізінде әзірленген Қазалы ауданы бойынша Жол картасы 7 бағытты қамтитын 114 іс-шарадан тұрады. Жыл басынан бері оның шеңберінде ауданда ауқымды жұмыстар атқарылды.

Бүгінде ауыл шаруашылығы, шағын және орта кәсіпкерлік саласын дамыту, оның ішінде саудаға қарағанда өнім өндіру бағытында жұмысты жандандыру алдағы негізгі міндеттердің бірі болып отыр. Ауданда кәсіпкерлікті дамыту мақсатында жыл басынан бері 8 кәсіпкерлік жоба іске қосылса, 3 кәсіпкерлік жобаның қуаттылығы кеңейтілді.

Инженерлік инфрақұрылымды дамыту мәселесі басты назарда. Себебі, жер кезегінде тұрған тұрғындар саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Биыл ауданның 40 отбасын жер учаскесімен қамтамасыз ету жоспарланып, бүгінде инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген учаскелерден 79 отбасыға жер берілді.

Баспана мәселесін шешу үшін де көптеген жобалар қолға алынды. Жол картасында биылға 48 пәтерді пайдалануға беру межеленіп, ол толығымен орындалды. Сонымен қатар, жалға берілетін үйлерді сатып алуға 388 млн теңге қаржы қаралды. Бұған жыл соңына дейін көлемі 60 шаршы метрден кем болмайтын 35 тұрғын үй сатып алу жоспарланып отыр.

Халықты сапалы ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі де күн тәртібінен түскен жоқ. Осыған орай, Жаңқожа батыр мен Майдакөл ауылдарындағы тұрғын үйлерді сервистік ауызсу желісіне қосу жұмыстары толығымен аяқталып, пайдалануға берілді.

Елді мекендерді газбен қамтамасыз ету мақсатында биыл Қазалы қаласын газбен жабдықтау жұмысын толығымен аяқтау жоспарланды. Бүгінгі күні 52 шақырым газ құбыры жүргізілді. Бас мердігер бекіткен кестеге сәйкес құрылыс жұмыстарын жыл соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Аудандық маңыздағы автомобиль жолдарды жөндеу бойынша 64 шақырымды құрайтын жолды жөндеуге республикалық және жергілікті бюджеттен 1,6 млрд теңге қаржы бөлінді. Сонымен қатар, елді мекенішілік 33 көше жөнделуде. Әйтеке би кентінен жалпы ұзындығы 34,3 шақырым болатын 12 көше, Қазалы қаласынан 8,2 шақырым болатын 10 көшеге жол құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Одан бөлек, ауылдық елді мекендегі ұзындығы 8,6 шақырым болатын 11 көше жөндеуден өтуде. Қазір жалпы ұзындығы 23,1 шақырым болатын 21 көшенің жұмыстары толық аяқталып, пайдалануға берілді. Осы жұмыстардың нәтижесінде ауданның жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы автомобиль жолдарының үлесін 80,3 пайызға жеткізу жоспарлануда.

Экологиялық мәселелерді жоюдың бір алғышарты – өңірімізді көгалдандыру. Осы орайда биыл ауданда 68317 түп ағаш отырғызу көзделді. Елді мекендердің айналасында қосымша 1 гектар алаңға жасыл белдеу жасалып, барлығын қоса алғанда 248 мың көшет отырғызылды.

Бұқаралық спорт үшін жағдай жасау мақсатында Әйтеке би кентінің «Достық» шағын ауданындағы, №165 мектебі аумағындағы спорт алаңдарының құрылысы басталды. Одан бөлек, Әйтеке би кентіндегі Желтоқсан мен Жалдыбай жырау көшелерінің қиылысындағы спорттық ойын алаңының құрылысы жыл соңына дейін аяқталады деп жоспарлануда.

Кәсіпкерлерді қолдау, өмір сүру жағдайын жақсарту, таза ауызсумен және орталықтандырылған газбен, интернетпен қамтамасыз ету, медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту, бұқаралық спортпен айналысуға жағдай жасау және тағы басқа бағыттар бойынша нысанды көрсеткіштер жүзеге асуда.

Алдағы жылы да «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасының Жол картасындағы жобаларды жүзеге асыруды жалғастырамыз. Жолдарды күрделі, орташа жөндеуге республикалық және облыстық бюджеттен 902 млн теңге қаржы қарастыру жоспарлануда.

Партияның сайлауалды бағдарламасы халыққа қажетті нақты жобалардан құралған. Сондықтан біз индикаторларды уақытында сапалы орындау арқылы елдің әлеуетін көтеруге, әр тұрғынның өмір сүру сапасы мен әл-ауқатының жақсаруына жұмыс жасайтын боламыз. Біздің негізгі міндетіміз – сайлауалды уәделерді орындау және сайлаушылар сенімін ақтау.

**Мұхтар ОРАЗБАЕВ,**
**«Nur Otan» партиясы**
**Қазалы аудандық**
**филиалының төрағасы,**
**аудан әкімі**

21 ҚАРАША – «АЛАШ» ПАРТИЯСЫ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ ЖАРИЯЛАНҒАН КҮН

# «Алаштың» асқақ арманы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

**«Алаш» партиясы туралы білмейтін қазақ баласы жоқ шығар. Тіпті, ауқымды жиындарда, халықаралық басқосуларда өзімізді зор мақтанышпен «Алаш жұрты» деп таныстырамыз. Ал осы атаудың мән-мағынасына тереңірек үңіліп, қозғалыстың ерекшелігі неде, оны алға бастырған қайраткерлер кім болғанын білесіз бе?**

Тарихшы Оливье Руаның айтуынша, «Алаш» қозғалысы Орталық Азия аумағындағы кәсіби түрде құрылған тұңғыш партия болатын. Партия идеялары мен тұжырымдарын қырғыз бауырларымыз да қолдап, қосылған-ды. Құрамына еліміздің беткеұстар азаматтары кірген.

Расында бұл қозғалыс о баста ұлттық рух пен ұлттық мүдде жолында құрылды. XX ғасырдың басында қазақ халқының ұлт-азаттық күресі кезеңінде пайда болды. Оның басты мақсаты – тәуелсіз Қазақ мемлекетін құру. Бірінші дүниежүзілік соғыс және Ресейдегі 1917 жылғы ақпан және қазан төңкерістері қазақ зиялыларының байырғы халықтың құқықтарын қорғау жөніндегі қызметін жандандырды. Қазақ ұлттық партиясын құру бойынша алғашқы қадамдар бірінші орыс революциясы кезеңінде жасалды. 1905 жылдың аяғында Оралда Қазақстанның бес облысы өкілдерінің делегат съезі шақырылып, онда Қазақ ұлттық партиясын құру туралы алдын ала шешім қабылданды. Оның негізінде кейін «Алаш» партиясы пайда болды.

1917 жылғы 21-28 шілде аралығында Орынборда өткен бірінші жалпықазақ съезінде партияны ұйымдастыру рәсімделді. Бағдарламасын Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сияқты қайраткерлер әзірледі. Ол 10 параграфтан тұрды және «Қазақ» газетінде жарияланды. Съезде мемлекеттік басқару, автономия, құрылтай жиналысына қатысу, саяси партия құру, жер, халық милициясы, білім, сот және басқа да мәселелер қаралды.

Ұйымдастырушылар қатарында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов және либералды-демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының басқа да өкілдері болды. Ол жалпықазақ ұлттық-демократиялық ұйым ретінде сипатталды. Сондай-ақ партияға М.Тынышпаев, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев секілді ғылыми және шығармашылық зиялы қауым өкілдері кірді.

Әлихан Бөкейханов төраға болып сайланды. Ресми органы – «Қазақ» газеті. Алаш автономиясының үкіметі 1917 жылдың желтоқсанында құрылып, 1920 жылға дейін қызмет етті.

1917 жылы желтоқсан айында Орынборда «Алаш» партиясының екінші жалпықазақ съезі өтті. Оның ұйымдастырушылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, сондай-ақ И.Омаров, С.Қадырбаев, С.Дощанов болды. Съезд төрағасы қызметіне Б.Құлманов тағайындалды. Шақырылғандардың арасында Түркістан автономиясының басшысы Мұстафа Шоқай да бар.

Съезде қазақ халқының саяси тағдырына қатысты маңызды құжаттар қабылданды. Күн тәртібіндегі ең басты мәселе – автономия және оның үкіметін құру. Съезде «Алаш» деп аталатын Қазақ автономиясын құру қажеттілігі қозғалды. «Алаш Орда» (Алаш автономиясының үкіметі) деп аталатын уақытша халықтық кеңес-үкімет құрылды. Қазақ автономиясының құрамына қазақтар тұратын Бөкей Ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстары, Каспий сырты облысының аудандары және Алтай губерниясын қосу туралы қаулы қабылданды. Автономия орталығы ретінде уақытша Семей қаласы жарияланды.

«Алаш орда» үкіметін Әлихан Бөкейханов басқарды. Съезде өңірлік уездік кеңестер мен комитеттер ұйымдастыру, «Алаш Ордаға» қазақ халқының барлық атқарушы билігін дереу өз қолына алу тапсырылды. Қазақ халық милициясын құру жоспары жасалды. Халық милициясының қатарына әскери қызметке жарамды 20-35 жас аралығындағы ер адамдар шақырылды. Милицияны қару және оқ-дәрімен қамтамасыз етумен «Алаш Орда» ұлттық қоры айналысқан. Батыс бөлімшесінің басшылары Жанша, Халел Досмұхамедовтер «Комуч» (Самара) үкіметінен 600 мылтық пен пулемет, Торғай бөлімшесінен 300 мылтық пен 20 мың патрон алды. Орынбор казак әскерлерінің атаманы А.Дутовтың көмегімен Қостанай және Ырғыз уездерінде екі атты полк құрылды. 1918 жылдың тамызында Алаш Орда әскери бөлімінің командирі Хамит Тоқтамышев Қазақстанның түрлі аудандарында Кеңес өкіметіне қарсы ұрыс қимылдарына қатысатын құрамында 750 сарбаз және 38 офицер бар Алаш полкінің, Жайсанда, Павлодарда, Қаркаралыда, Өскеменде халық милициясының бөлімшелерінің құрылуы туралы баяндап берді. 1919 жылы ақпанда Қызыл әскерге қарсы азамат соғысында болған милиция саны 5000 адамға жетті. Автономия таратылғасын «Алаш» милициясы да таратылды.

Партия тарихы 1917 жылғы төңкеріспен тұспа-тұс келді. Осы кезеңде қазақ қоғамының түрлі жіктерінің саяси бірігуі жеделдеді, жаңа ұрандар пайда болды. Демократиялық федерация шеңберінде ұлттық-аумақтық автономия құру, халықтың түрлі жіктерін әлеуметтік қорғау және тағы басқа.

Автократия құлағаннан кейін 1917 жылдың аяғында «Алаш» қозғалысы партия құрылысы проблемаларынан ұлттық автономия құру әрекетіне көшті. 1917 жылғы Ақпан төңкерісін жаулап алуды дәйекті қорғап, Ресей жұртшылығының жалпыдемократиялық талаптар арнасында сөз сөйледі. Қозғалыс тарихының соңғы кезеңінде басшылары толық автономия идеясының қиындығын, ең алдымен аумақтың шашыраңқы орналасуы мен қазақ қоғамының экономикалық даму әлсіздігіне, әскери-саяси жағдайға байланысты екенін жақсы түсінді.

Кейін партияның жаңа үкіметпен қарым-қатынасы тұрақты байланыстар мен ымыраға көшті. Алаш басшылары жағдайды тиянақты бағалап, кеңестік әскери-саяси басшылық талап еткен шарттарды қабылдады. А.Байтұрсынов В.Лениннен кездесуден кейін 1919 жылы төтенше өлкелік орган – Қырғыз әскери-революциялық комитетінің (КирВРК) құрамына кірді. Алайда, оның билігі көбінесе тек атаулы болды. Іс жүзінде басқаруды Түркістан майданының органдары, партия комитеттері жүзеге асырды. Олардың жетекші ролін орталықтан іссапарға жіберілген большевиктер атқарды.

Кеңес өкіметі «Алаш Орда» үкіметін таратып, кейінірек қайраткерлер сталиндік режимнің қуғын-сүргініне ұшырады. Қозғалыстың басты қайраткерлері өлім жазасына, қалғандары қуғынға ұшырайды. Осылайша «Алаш» партиясы бір жылға жуық уақыт ішінде ғана қызмет етіпті. Дегенмен, осынау қысқа мерзімнің өзінде ел тарихына терең еніп, тіпті бүгінгі күнге дейін жарарлық тұжырымдардан тұратын бағдарлама жасақтап үлгерді.

Ел болашағын күні-түні ойлаған Алаш қайраткерлерін бүгінгі ұрпағы зор алғыспен еске алып келеді. Олардың есімдері әр қаланың басты нысандарына беріліп, Отан тарихына алтын әріппен жазылды.

**Алтын СӘДІРҚЫЗЫ,**
**қала тарихи музейінің**
**ғылыми қызметкері**

# Күрескер келбеті

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

**1992 жылы болуы керек, Кеңестер Одағының бұрынғы бас хатшысы М.Горбачев алып империя тізгінін уысынан шығарып алғаннан кейін, орыс ұлты алдындағы кінәсін жеңілдетуді ойлады ма, әлде жаңа ғана тәуелсіздік алып жатқан мемлекеттер арасында кикілжің туғызу ниетінен бе «Қазақстанның бес облысы Ресейге тиесілі» деген сыңайда мәлімдеме жасап, елді дүрліктірген-ді. Сол кезде Алматыда ҚР Жоғарғы Кеңес сессиясы өтіп жатқан. «Горбачевтің сандырағына наразылық білдіріп жазатын, айтатын тиісті құзырлы орындар бар ғой» деп тірлігімізді жалғастырдық.**

Үйге Қармақшыда тұратын Аббаз Қанатбаев досым келіп, сөзін асығыстау бастады.

– Горбачевтің мына жауыздығына Үкімет наразылық танытып, нота жолдайтын шығар деп күткенбіз. Қозғалыс сезілмейді. Сәпен, мына жеделхат мәтінін өзіңмен келісіп алайын деп келдім, – деп қолындағы қағазын ұсынды. «Алматы, Үкімет үйі. Жоғарғы Кеңес сессиясының Президиумына: – Біз азаттықтар. Горбачевтің «Қазақстанның бес облысы Ресейге тиесілі» деген мәлімдемесіне наразылық ретінде Жоғарғы Кеңес сессия жұмысын уақытша тоқтатуын, Мәскеуге арнайы үкіметтік нота жолдануын талап етеміз!»

Мен жолданатын жеделхат жобасын қолыма алып:

– Аббаз, Жоғарғы Кеңестің депутаттары – еліміздің әр аймағынан барғандар. Сессия жұмысын тоқтату, қайтадан жалғастыру мемлекетімізге үлкен шығын. Онсыз да экономикамыздың шатқаяқтап тұрғаны белгілі. Нота жолданып, халықтың наразылығы ақпарат құралдарында, телеарналарда көрініс тапсын, деген талап жазылса жетер, – дедім. Аббаз досымның ұстанымы осындай. Оның себебі бар.

Мектеп жасында балалар үйінде тәрбиеленгендігінен болар, ол өз қатарынан әлдеқайда озық, алғыр, талапшыл, білімпаз, күрескер азамат болып қалыптасқан. Балалар үйінде тәрбиеленгендердің өзгелерден ерекшелігі, олардың ортасы қайнаған талас пен тартыс, айқас пен жарыс, тіпті төбелес те осылардың арасында. Бәсекеге қабілеттілік те осы ортада қалыптасқан. Бақытсыз балалық шақты көріп өскен, жетіспеушілікті біліп өскен бала Аббаз өжет, намысшыл болып жетілді. Оған қоса Аббаздың 1962-1967 жылдары Мәскеу көлік инженерлері институтында (МИИТ) оқып жүріп Сәбетқазы Ақатай, Мұрат Әуезов құрған «Жас тұлпар» қозғалысына қатысып қазақ студент-жастарының көшбасшысы ретінде Мәскеу жұртшылығына ұлттық мінез, бітім-болмысымен көзге түсіп шыңдалғаны өмірге, қоғамға көзқарасын өзгертті. Еуропада оқып жүрген озық ойлы, еркіндік сүйген студент-жастармен аралас-құралас болғандығынан Аббаз орыс және әлемдік деңгейдегі қоғам қайраткерлері жайлы кітаптарды көп оқыды, деректерге молынан қанықты.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы тойланғалы жатыр. Егеменді ел болу үшін оның алғы шарттары – шекараң шегендеулі, тұтастығың түгендеулі, тілің мен ділің өз биігінде болуы үшін қуатты экономика, халықтың ұлттық, мемлекетшілдік мүдде төңірегіне ұйысқан, ортақ сана қалыптастыратын идеологиясы болуы, ол үшін Аббаз сияқты көшбасшылар керек. Аббаз үгіт-насихатты қажет етпейді. Тек оған ере алатын иықтас, мұраттас, рухтас достар керек. Ол – жетекші.

Мен достарымның барлығымен де шынайы араласқанды, кісімсімегенді қалаймын. Кісілігін қадірлеймін. Аббаз екеуіміздің достығымыз Қадыр ақын айтқан «Кісіліктің үлгісіндей – нағыз достықтамыз» деген ойдамын. Өтірік күлу, көлгірсу, «ой сен кереметсің ғой, сендей адам жоқ қой» деген сөздер айтылған емес, айтылмайды да. Қисығымыз болса түзетеміз, кемшілігіміз болса бетіне басамыз. Екеуіміздің дастархан басындағы әңгіменіз, пікірталасымыз қым-қиғаш ұрысқа бергісіз.

Дастарханнан босасақ, шахмат тақтасында пікірталастағыдай қарсыласпыз. Қарсылас болатынымыз ол толыққанды, мен жартылай демократпын. 1994 жыл. Елімізде демократияға үлкен бетбұрыс кезеңі. Ол Қызылорда облыстық кеңесіне баламалы түрде сайлауға түсіп депутат болып, аймақтың дамуына үлесін қосты. Сессия мәжілісі кезінде тосыннан қойған сұрақтары мен көтерген мәселелері жайлы айтсам, ол – ұзақ әңгіме. Батыл әрі өте сауатты түрде үлкен проблемалық мәселелерді көтереді, ұсыныстары қолдау таппаса кейде сессия отырысын тастап шығып кетіп жүрді. Осындай сабырсыздығына: «Аббаз, мұның дұрыс емес. Бір биікке ту тігерде жауынгер бірде жүгіреді, бірде жүреді, көбіне еңбектейді. Сен мақсатыңа жету үшін осындай тактиканы ұстан, мәжілісті тастап кеткеннен ешнәрсе ұтпайсың» деймін.

Жосалы механикалық зауытында бірге істедік. Мен механикалық цех бастығымын, техникалық білімім де жоқ. Он жылдан астам токарь, слесарь, фрезеровщик болып істеген тәжірибем бар. Маған дейін осы цехты басқарған жоғары техникалық білімі барлар жоспардың орындалуын қамтамасыз ете алмай ауыстырылған. Аббаз – бас энергетик. Ол өзіне тікелей қатысы болмаса да, менің жұмысыма сын айтты.

– Ескі сарынмен, күнделікті жоспарыңды орындағаныңа мәз болып жүре берме, – деді.

– Не істеуім керек?

– Молодой человек! Ты руководитель. Обязан творить! Созидать! – деп бір тоқтады да, – уақыт техникалық прогресті қалайды, зауыт жұмысы, оның технологиялық тізбегіне өзгеріс енгіз. Жұмысшылардың ауыр жұмыстарын жеңілдет, – дегенді тап бір менің бастығым сияқты қадап айтты.

Ойландым, толғандым. Аббаз да қарап отырмады, жоғары дәрежелі инженер ғой, ақылкеңестерін берді. Өзгерттім, жұмысшыларға көп жеңілдіктер жасалды. Еңбек өнімділігі артты. Біраз уақыттан кейін Аббаз досым зауытқа бас инженер болды. Осы сәтте мен басшылық ететін механикалық цехта 150-дей жұмысшысы бар. 17 шетелге тарайтын, жерасты кен байлықтарды іздестіру мен өндіруге қажетті бұрғылау аспаптары шығарылатын. Талап күшейді. Өндіретін бұйымдарымыз мемлекеттік жаңа стандартпен жасалуы талап етілді. Жоспардың орындалуы төмендеді. Менің механикалық цехты басқарғандағы қабілетім бас инженер Аббазды қанағаттандырмады. Директорға ұсыныс берді де мені босаттырды. Басқа жұмысқа ауыстым. Бірер жылдан кейін Аббаз Қызылордада жаңадан ашылып жатқан ірі өндіріс орны – Қызылорда эксперименталдық жөндеу-механикалық зауытына бас инженер болып ауысып кетті. Оның соңын ала Қызылордаға көшіп келуді жоспарлап целюллоза-картон зауытының транспорт цехына бастық болуға келісіп, орналасайын деп жүргенімде Аббаз:

– Ол жұмысқа барма. Бірінші, сенің қолың емес. Екінші, ол жақтан пәтер алу мәселесі тез шешілмеуі мүмкін. Сен бізге кел. Бізден пәтер алатының анық. Механикалық цехқа бастық керек болып тұр, – деді. Қайтадан Аббаздың қарамағына жұмысқа тұрдым.

Ол қызмет бабында жайбарақат жүруді білмейді. Тынымсыз. «Ты должен творить!» дегеніндей, ол – Творец! Зауытта бір жаңа жоба басталса, техникалық, технологиялық, конструкторлық бөлімдерге, цех бастықтарына тыным бермейді. Бүгін бәрі ойланып, әбден екшеліп орындалуы тиіс жұмысты енді бастағанда, түнімен ойланған Аббаз ертеңіне әйтеуір бір идеямен келіп, бастаған жұмысымызды қайта өзгертеді. Мұндай пәрмен талай-талай қайталанады.

Аббаздың айтқаны келіп, жұмысқа орналасқаннан алты ай өткенде қаланың қақ ортасынан бес бөлмелі пәтерлі болдым. Пәтерлі болғаныма ол менен артық қуанды, жұмыстан кейін үйге келіп, пәтерімнің әр бөлмесіне кіріп аунап жүр. Тап бір өзі үйлі болғандай «Ой, рахат болды-ау» дейді. Қызғаныш, көре алмау деген жаман қасиеттерге оның болмысында орын жоқ.

1977 жылы Аббаздың көзөмелдеуімен Қызылорда ағаш өңдеу зауытына директор болып тағайындалдым. 1979 жылы Қызылорда экспериментальдық жөндеу-механикалық зауытының базасында «Қызылордаремстройдеталь» бірлестігі құрылып, оған құрылыс материалдары комбинаты, «Ремстройдормаш», Жаңақорған қиыршық тас және Қызылорда ағаш өңдеу зауыттары қарайтын болды. Аббаз бір мыңнан аса жұмысшысы бар осы ірі өндірістік бірлестіктің бас инженері болып тағайындалды. «Үлкен кемеге шалқыған теңіз керек Аббаз қолын жаңа тапты» деп түйдік.

1987 жылы Жосалы механикалық зауытына директор қажет болып, облыстық партия комитеті бюросының шешімімен Аббаз Қанатбаевты зауытқа директорлыққа бекітті. Сол кезде аталған зауыт КСРО Геология министрлігінің Мәскеудегі ғылыми-техникалық бірлестігіне (ҒТБ) бағынатын. Бұл бірлестік ғарышты игеру мақсатындағы жұмыстармен айналысатын. Басшылары Айға қонған әуе кемесінің бір бөлшегі – луноходты жасап, Ай бетінен қазып алынған топырақты жерге сәтті жеткізгені үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығын және Социалистік Еңбек Ері атағын алған кілең дөкейлер. Аббаз директорлық міндетіне батыл кірісті. Зауыт шығаратын өнім түрлерін көбейтті. 1939 жылдан пайдалануда болған зауыт ғимараттары техникалық қайта жарақтауға жарамсыз болды. Жосалы зауытына жаңа ғимараттар салу, технологиялық, техникалық қайта жабдықтау, олардың орындалуы үшін миллиондаған сома қаражат бөлу мәселелерін ҒТБ алдына қойды. Аббаздың ұсыныстары басшылықтан қолдау таба қоймады. Әлденеше мәрте орындалуы міндетті, өзекті және кезек күттірмейтін мәселелер қисыны келіп тұрса да қабылданбады. Ұсыныстың дұрыстығын дәлелдеп жеткізе алмай жаны күйген Аббаз:

– Сіздерге таңым бар. Жосалы механикалық зауытымен салыстырғанда Ресейдегі жаңа өндіріс орындарына қаржы бөлгендеріңізді көріп отырмын. Қазақстандағы зауытқа қашан бет бұрасыңдар. Мен осы ұстанымдарыңды шовинистік көзқарас, қазақ ұлтын менсінбеу демеске лажым жоқ, – деп бір емес, бірнеше рет талап ете бергесін Аббазды зауыт директорлығынан босатып жіберді.

Әділетсіз бұйрықты өзгерту мақсатында, өзінікін дәлелдеп Аббаз бір жыл соттасып жүріп директорлық қызметіне қайтып оралды. Бірақ, директорлық орынға отырмады. «Маған керегі орынтақ емес, әділет болатын. Ақиқатымды дәлелдедім» деп өзі «АНК – Дәулет» деген жеке кәсіп ашып, бизнесін дөңгелетті. «АНК – Дәулет» серіктестігі Жосалының қыр бетінен 200 гектар жер алып қиыршақ тас араласқан топырақты елеп, әртүрлі фракцияларға бөліп, жуып, кептіріп, арнайы қаптарға салып теміржол вагондарына тиеп жөнелтетін технология тізбегін құрды. Ағысы қатты өзендерге орнатылатын су реттегіш тоспалар құрылысы мен «Қазатомпром» өндірісінің қажетін өтеп, үлкен сұранысқа ие болып отыр. «АНК – Дәулет» – 30 адамды жұмыспен қамтыған Қармақшы ауданындағы тұрақты кәсіпорын. Демеушілік, қайырымдылық істерімен де танымал, жыл сайынғы су тасқынына қарсы күрес кезінде аудан басшылығы осы серіктестіктің көмегіне жүгінеді. Аббаз Қанатбаев – Қармақшы ауданының құрметті азаматы.

Сөзімнің басында Аббаз досымды жетекші дегеніме қосып айтарым, ол – кітап оқуда да менің үлгім. АҚШ-тың үшінші президенті, Америка Тәуелсіздігі Декларациясының авторы Томас Джефферсонның өмір жолы мен трактаттарын, Джавахарлал Нерудің қызы Индира Гандимен хаттарын, «Деловая Америка», тағы басқа кітаптарды Аббаздың айтуымен, қызықтыруымен оқыдым. Кітаптарды оқып болғасын ойым, қиялым алысқа шарлап кетеді. «Осыларды Аббаздан бұрын неге оқымағанмын» деймін. Шағын мақалада оның жетекшілік, күрескерлік, азаматтық қасиеттерін айшықтайтын, көптеген хикаяттардан тұратын сәттерді қамту мүмкін емес. Бір-бірімізбен дидарласуға, әңгімелесуге асығамыз. Шақыру күтпей бара берем, ол келе береді.

Қоғамды алға жылжытатын Аббаз сияқты білікті, қажырлы, қайсар, жан-жақты азаматтар. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына өндіріс басшысы әрі жеке тұлға ретінде Аббаздың үлесі зор. Түйіндегенде айтарым, «Энгельстей досың болса, Маркс болмауың мүмкін емес» деп Қадыр ақын айтқандай Аббаздай досың болса, топас болуың мүмкін емес.

**Сәпен АҢСАТОВ,**
**Қармақшы ауданының құрметті азаматы**

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МКҰ
МИКРОКРЕДИТТЕР
✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін) және жұмыс істейтіндерге
✓ кепілсіз
✓ алты жылға дейін
ОҢАЙ, ЫҢҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ
ЭВЕРЕСТ Финанс
вход на сайт
кереметті МӘЛШЕРЛЕМЕЛЕР
1 000 000 ТГ ДЕЙІН
Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе
тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45
Все подробности на сайте everestfinans.kz
03.03.2021 жылғы №09.21.0005.М лицензиясы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілген

**«Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысы мен орынбасарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау КЕСТЕСІ**

| № | Аты-жөні, тегі | Лауазымы | Қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жанұзақов Қуаныш Қуантқанұлы | басқарма басшысы | дүйсенбі, сәрсенбі 15.00-17.00 | Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 52 үй. | 8 (7242) 70-86-04, 8 (7242) 70-85-81 |
| 2 | Назаров Шаріпбек Жарқымбекұлы | басқарма басшысының орынбасары | сейсенбі, бейсенбі 15.00-17.00 | Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 52 үй. | 8 (7242) 70-86-04, 8 (7242) 23-52-07 |

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**

«Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілерінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Заңы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V ҚРЗ Заңы және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) талаптарын бұзу фактілері орын алған жағдайда 8 (7242) 23-52-06 «сенім телефонына» жүгінуге болатынын хабарлаймыз.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, ҚР Экологиялық кодексінің 58-бабының 2-тармағы және 73-бабының 1-тармағына сәйкес 2021 жылдың 26 қарашасынан бастап

- Қызылорда облысының Арал ауданының 7 су айдынында және учаскелерінде көл-тауарлы және шарбақтық балық өсіру шаруашылықтарын ұйымдастыру үшін ғылыми-биологиялық негіздеме әзірлеу;
- Қызылорда облысының Қазалы ауданының 9 су айдынында және учаскелерінде көл-тауарлы және шарбақтық балық өсіру шаруашылықтарын ұйымдастыру үшін ғылыми-биологиялық негіздеме әзірлеу;
- Қызылорда облысының Қармақшы ауданының 3 су айдынында және учаскелерінде көл-тауарлы және шарбақтық балық өсіру шаруашылықтарын ұйымдастыру үшін ғылыми-биологиялық негіздеме әзірлеу;
- Қызылорда облысының Жалағаш ауданының 3 су айдынында және учаскелерінде көл-тауарлы және шарбақтық балық өсіру шаруашылықтарын ұйымдастыру үшін ғылыми-биологиялық негіздеме әзірлеу;
- Қызылорда облысының Сырдария ауданының 11 су айдынында және учаскелерінде көл-тауарлы және шарбақтық балық өсіру шаруашылықтарын ұйымдастыру үшін ғылыми-биологиялық негіздеме әзірлеу;
- Қызылорда облысының Жаңақорған ауданының 5 су айдынында және учаскелерінде көл-тауарлы және шарбақтық балық өсіру шаруашылықтарын ұйымдастыру үшін ғылыми-биологиялық негіздеме әзірлеу;
- Қызылорда облысының Шиелі ауданының 7 су айдынында және учаскелерінде көл-тауарлы және шарбақтық балық өсіру шаруашылықтарын ұйымдастыру үшін ғылыми-биологиялық негіздеме әзірлеу;
- Қызылорда облысының Қызылорда қаласындағы 6 су айдынында және учаскелерінде көл-тауарлы және шарбақтық балық өсіру шаруашылықтарын ұйымдастыру үшін ғылыми-биологиялық негіздеме әзірлеу;
- Қызылорда облысының Ахметкөл су айдынында көл-тауарлы балық өсіру шаруашылықтарын ұйымдастыру үшін ғылыми-биологиялық негіздеме жобалары бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен (https://ecoportal.kz)Бірыңғай экологиялық порталында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады.

**«Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ,**
**телефон: 8 (7242) 60 53 68**

# Медициналық көмек көрсетіледі

ҚАЖ департаменті ЗК-169/5 мекемесінің медицина бөлімі «Бас бостандығы шектеулі, сондай-ақ сот үкімі бойынша жазасын өтеп жүрген азаматтарға медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» министрліктің бұйрығына сәйкес медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырады. Қазір мекеменің медициналық бөлімінде бөлім бастығы, жалпы тәжірибелік дәрігер, терапевт дәрігер, 8 орта буынды медицина қызметкері, 1 фармацевт қызмет атқаруда.

Мекеме оларға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын жақсарту мақсатында облыстық денсаулық сақтау басқармасымен меморандум жасады. Оның аясында ЗК-169/5 мекемесіндегі жаза өтеушілер №3 қалалық емханаға тіркеуге алынып, тегін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі арқылы медициналық көмекпен қамтамасыз етілген.

Еліміздің бас санитарлық дәрігерінің қаулысына сәйкес ҚАЖ мекемелерінде маскалық режим және карантиндік шектеу қойылған. COVID-19-ға қарсы вакциналаудың толық курсын алған адамдарды қоспағанда, 5 тәуліктен аспайтын уақыт өткен теріс нәтижесі бар ПТР әдісімен зертханалық тексерілгені туралы құжаты болуы керек «ASHYQ» қосымшасы арқылы ғимаратқа кіреді.

Мекемеде жыл басынан бері жазасын өтеушілер 2221 рет дәрігерлік қабылдауда болды. Оның 14-не ота жасалып, 11 азамат стационарлы ем қабылдаған.

**Ақжол БЕКБОЛАТҰЛЫ,**
**ҚАЖ департаменті ЗК-169/5 мекемесі медицина бөлімінің терапевті**

## Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Досжанов Жанымбек Нурекеевич (лицензия №0000101 21.06.2005 ж.) 2021 жылдың 1 тамызында қайтыс болған азамат Кузбаев Умар Дуйсеновичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 62/2, тел.: 23-15-88, 8 777 271 51 48.

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2020 жылдың 27 мамырында қайтыс болған азамат Оспанов Жумабек Абдибековичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 30-47-23, 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Алменбетов Айтбай Алимжанович (лицензия №13002793 26.02.2013 ж.) 2021 жылдың 17 наурызында қайтыс болған азамат Баженов Тынымбайдың атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі №17 А үй, тел.: 30-25-32, 8 778 202 01 44, 8 705 966 09 40.

# «Pfizer» вакцинасының тиімділігі қандай?

Қазіргі таңда «Pfizer» вакцинасы әлемнің көптеген елдерінде қолданысқа енгізілді. Мәселен, АҚШ-та оны балаларға 5 жастан бастап салу мақұлданып отыр. Ал Франция, Дания, Германия, Ирландия, Италия, Испания және Польша секілді еуропалық елдерде бұл вакцина 12-15 жас арасындағы балаларға қолданылуда. Қазан айының басынан Украинада 12 жастан асқан балаларға оны қабылдауға рұқсат етілді. Қазірге дейін мұнда 12-17 жас арасындағы 13,5 мың бала екпе салдырған. Бұл елдердің қатарын Өзбекстан да толықтырып, қыркүйек айында американдық вакцинаның 1,2 миллион дозасы жеткізілген. Жалпы, аталған мемлекеттерде екпе қабылдаған өрендердің иммунитеті артқан.

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы мамандарының айтуынша, аталған вакцина тырысқақ, туберкулез сияқты індеттерді жеңуге көмектеседі. Құрамында иммундық қорғаныш тудыратын вирус жоқ. Ол инфекция тудыруы мүмкін емес.

– Бір құтыда сұйылтқаннан кейін 6 доза бар. Вакцинация жүргізу алдында COVID-тің және коронавирусқа антиденелердің болуына тексеру жүргізілмейді. Қатерлі індетпен ауырып жазылған адамдар сауыққаннан кейін вакциналау алдындағы жай-күйін бағалау ескеріледі. Олардың сауыққаннан кейін 3 айдан соң вакцинациялануға мүмкіндігі бар, – деді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті аса қауіпті инфекциялық ауруларды бақылау бөлімінің басшысы Жанар Жетілгенова.

Мамандардың айтуынша, бастапқы кезеңде коронавирусқа қарсы профилактикалық егуі 16-18 жас аралығындағы жасөспірімдерге жүргізіледі. Келесі кезеңде 12-15 жастағы жасөспірімдер рет-ретімен вакциналанады. Айта кетерлігі, бүгінгі күнге облыс бойынша емдеу ұйымдарында әр контингент бойынша тұрғындар саны дайын.

Жақында медициналық колледжде білім алып жатқан 70 студент «Pfizer» вакцинасын салдырды. Баласына екпе қабылдауға келісім берген ата-ананың бірі – Жанар Нақыпова бұл дұрыс шешім болғанын айтады.

– Медициналық колледжде ұлым «Емдеу ісі» мамандығы бойынша білім алуда. Мен баламның қатерлі дертке қарсы вакцина салдыруына келісім бердім. Ол алғашқы болып екпе салдырды. Басында қобалжыған едім. Ұлымның өзі де қарсылық танытқан жоқ. Қазіргі таңда басты мақсатымыз – халықтың амандығы. Осындай дұрыс шешім жасау арқылы қатерлі індеттің таралуын тоқтата аламыз», – деді ол.

Оқу орнында білім алып жатқан студенттер өздерінің мамандығына сәйкес вакцина салдыру оң шешім екенін айтады. Солардың бірі – Шахризада Әнуарбекова «Денсаулығымда ешқандай кері әсер болған жоқ. Болашақта медицина маманы боламыз. Сондықтан біз вакцина түрлі қатерлі індеттің алдын алатынын білеміз. Сол себепті екпе қабылдауға ата-ананың рұқсатымен келісім бердім» дейді.

Сондай-ақ, қазіргі таңда елімізде ревакцинация мәселесі кеңінен қозғалуда. Вакцина салғаннан кейін ағзада шамамен үш апта өткенде коронавирусқа қарсы иммунитет пайда болады. Антидене вирусты анықтап, оған қарсы қалай күресу керегін біледі. Алайда уақыт өткен сайын ағзадағы антиденеңің мөлшері азайып, вирусқа қарсы қорғаныс нашарлайды. Мұның алдын алу үшін тағы екпе алу керек.

Елімізде вакцина алғандардың басым бөлігі «Спутник V» салдырған. Бұл вакцинаның екінші дозасын алған соң 9 айдан кейін үшінші компонентін салдыруға болады. Ал Sinopharm, CoronaVac, Hayat-Vax, QazCovid-in вакцинасын салдырғандарға 6 айдан кейін ревакциналауға рұқсат етілді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ревакцинацияны кем дегенде жарты жылдан соң салдыру керегін айтады. Одан ерте салдыру денсаулыққа зиян болуы мүмкін.

1-бет

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Күлдірсін Сарышоваға жұбайы, аудармашы, шығыстанушы

**Тобжанов Шәрібай Махамбетұлының**

дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

# ЖАСАЙ БЕР, ҚАЗАҚ ЕЛІ!

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

**Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Елена Әбдіхалықованың әндерін орындаушылардың I республикалық конкурсы өтті. Конкурсқа еліміздің барлық өңірінен жас әншілер қатысып, бақ сынады.**

Шараны облыстық мәдениет басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов ашып, Сыр елінің талантты да қайраткер қызы Елена Әбдіхалықованың шығармашылығы өзіндік ерекшелігімен ел ішінде кең таралғанын атап өтті.

– Киелі Сыр өңірінен шыққан талай танымал тұлғалар қазақ өнері мен мәдениетінің өркендеуіне өзіндік үлесін қосып келеді. Сондай өнер өкілінің бірі де бірегейі – ақын, композитор, әнші Елена Әбдіхалықова. Оның қаламынан туған ғажап дүниелер бүгін де, болашақта да халықпен бірге жасай береді. Бүгінгі конкурс арқылы да өрелі өнердің бағасы биіктей түседі, – деді А.Есжанов.

Жас әншілер Е.Әбдіхалықованың «Есіңе мені алғайсың», «Көздеріңе ғашықпын», «Қош дерсің», «Қазақ елі» сияқты елге кең танылған әндерін шырқап, көрермен қошеметіне кенелді. Осылайша, екі кезеңде үш әннен орындаған талапкерлер арасынан жеңімпаздар анықталды.

Конкурсқа қатысушылардың өнеріне Елена Әбдіхалықованың төрағалығымен, қазақ эстрадасының танымал әншілері Жұбаныш Жексен, Дәурен Сейтжанов баға берді.

Қорытындысымен, бас жүлдені Нұр-Сұлтан қаласынан қатысқан Хайролда Мұратбек, I орынды Атырау облысынан Айбар Ғаниұлы, II орынды Ақтөбе облысынан Нұртас Омаров жеңіп алды. Ал III орынды Қызылорда облысынан Арайлым Маханбетжанова, Маңғыстау облысынан Аида Байгелова және Алматы қаласынан «Saz Men» триосы иеленді. Барлық қатысушылар қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте:

– Конкурс өте жоғары деңгейде өтті. Жақсы әсер алдым, қатты қуандым, толқыдым, тебірендім. Бұл конкурстың өзімнің туған жерімде, өскен, есейген жерімде, ең алғаш сахнаға шыққан театрда өткені ерекше бір қуаныш сыйлады, – деді Е.Әбдіхалықова.

Сондай-ақ, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов:

– Жерлесіміз Елена Мәжитқызы – ұлттық өнерімізде өзіндік орны бар, еліміздің музыкалық өнерін өркендетуге үлес қосып жүрген шығармашылық иесі. Ал қазақы әрі ұлттық бояуы қанық әндері тыңдарманның сүйіктісіне айналған. Айталық, «Сыр елі», «Есіңе мені алғайсың», «Көздеріңе ғашықпын», «Қазақ елі» және тағы да басқа әндері халық әні деп бағалауға лайық. Сондықтан да Елена Мәжитқызының өнері мен шығармашылығы қазақ даласы мен алыс жақын шетелдерде жоғары бағалануы мен туған жерінде республикалық әншілер конкурсын ұйымдастыру мәдениет пен өнер саласындағы жан-жақты тынымсыз еңбегінің нәтижесі деп білеміз. Осы ретте әншілер конурсының басты мақсаты қазіргі қазақ ән өнерінің сан қырлылығымен автордың шығармашылығын дәріптеу, жас таланттарды республикалық деңгейде насихаттау, әншілік өнердегі жаңа есімдерді анықтау болатын, – деп өз пікірін білдірді.

Өз кезегінде Е.Әбдіхалықова конкурсқа қатысқан әншілердің кәсіби деңгейі өте жоғары екенін атап өтіп, осындай шараны ұйымдастырған облыс басшылығына, оны өткізуге атсалысқан азаматтарға шынайы алғысын жеткізді.

**«СБ» ақпарат**

# Сымбаттың сазды кеші

**Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында халықаралық, республикалық байқаулардың лауреаты, талантты әнші Сымбат Тасбергенованың концерті өтті. «Нұрлы таң» атты кешті облыстық филармония ұйымдастырған.**

Кеште филармония артисі Сымбат Зұлқарнайқызы камералық оркестрдің сүйемелдеуімен шетел классиктері мен қазақ халық композиторлары Е.Хасанғалиев, Е.Брусиловский, Л.Хамиди, А.Серкебаевтың шығармаларын орындады. Сондай-ақ, концерттік бағдарламада филармония солистері А.Табынбаев, Р.Үсенов, «Томирис» би ансамблі және Қазанғап атындағы музыкалық колледждің ерлер хоры өнер көрсетті.

Сыр елінің мәртебесін асқақтатып жүрген өнерпаз Қазанғап атындағы музыкалық колледжді, профессор Инаят Жарылқановтың класынан оқып бітірген. Ол үздіксіз ізденістің арқасында халықаралық, республикалық, облыстық конкурстардың лауреаты атанды. Шет елдер сахнасында өнер көрсетті. 2011 жылы СССР Халық артисі, дирижер Юрий Башметтің шеберлік дәрісінен өтіп, Минск қаласында Беларусь халық артисі Колос Яковлевнадан сабақ алған. Сыр перзенті КСРО халық артисі Бибігүл Төлегенова және Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Нұрғали Нүсіпжанов сынды қазақтың біртуар өнер иелерімен бір сахнада өнер көрсетті. Мұны жерлестері мақтан тұтады.

Қазіргі таңда ол Қазанғап атындағы музыкалық колледжінде «Ән салу» бөлімінде дәріс беріп, шәкірт тәрбиелеп жүр. Айта кетейік, концерт Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында өтті.

**«СБ» ақпарат**

**Қызылорда қаласы әкімдігі және облыстық «Qyzylorda» телеарнасының ақпараттық қолдауымен «Балбала» байқауы өз мәресіне жетті. Байқауға 5-6 жас аралығындағы балалар қатысты. Балабақша бүлдіршіндері жүздері балбұл жайнап сахнаға шықты.**

Sb Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

# «Сыр бөбегі» – жеңімпаз

Шарада қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы М.Ниязов балалар шығармашылығын шыңдайтын байқауларды көбейту қажеттілігін айтты. Аймақта алғаш рет балабақша тәрбиеленушілеріне арналған «Балбала» байқауының негізін қалап әрі 14 жыл бойы ұйымдастырып жүрген ҚР Мәдениет саласының үздігі Ләйлә Нәсімхановаға алғыс білдірді.

Дарынды өрендер патриоттық әндер шырқап, тәуелсіздік тақырыбында көрініс қойды. Олардың өнеріне «Қалалық мәдениет үйлері, клубтар және халықтық ұжымдар» мекемесінің директоры Э.Қанатбаева, облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, білім саласының ардагері К.Ермағамбетова, белгілі хореограф А.Қойшығұлова, «Мереке» тобының әншісі Ә.Төлегенов және мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Ұ.Бекұзақұлы қазылық жасап баға берді.

Бас жүлдені «Сыр бөбегі» балабақшасының өнерпаздары жеңіп алды. Жүлдегерлер мен жеңімпаздарға дипломдар, естелік сыйлықтар табысталды.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

**Шағын ауылда әңгіме жата ма? Аязды күндердің бірінде «Алматыда оқитын біздің ауылдың Бақыт деген баласы кешегі Желтоқсан көтерілісіне қатысып, ұсталыпты. Оқудан шығарып жіберіпті. Сотталайын деп жатыр екен» деген суық сөз желдей есті. Бізден жасы кіші, мінезі салмақты, өз ортасына беделді ініміздің тағдырына алаңдап қалғанбыз.**

Sb Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы»

# Жадымда қалған Желтоқсан

Бұл 1986 жылдың желтоқсан айы болатын. Жоғарыдағы әңгімеден соң көп ұзамай бірнеше адам парторгтың кабинетіне шақырылдық. Кабинетте совхоз директоры, парторг, екі бейтаныс адам отыр екен. Амандық-саулықтан соң жаңағы бейтаныстың бірі жақында ауылға Бақыт Байниязов есімді жігіттің келетінін, жұмысқа қабылдап, қоғам өміріне араластыру қажеттілігін басшыларға тапсырды. Ал серігі оның аузынан шыққан әр сөзді қағазға түсіріп, жанталасып жатты.

Қасымда отырған бухгалтер құрдасым сыбыр ете қалған. Әлгі сабаз біз жаққа ала көзімен тесіле қарағанда, құрдасымның маңдайынан тер бұрк ете түсті. Бақыт ауылға оралды. Мінезі бұйығы тартып кетіпті. Құрылыс саласына жұмысқа тұрды. Қыс мезгілінде канал-атыздардың ішінен кетпенмен қамыс шабамыз. Бір жағынан су жүретін арықтардың іші тазаланса, екінші жағынан құрылыс материалдары дайындалады. Әйел-еркегі аралас бір топ адам қақаған қыста трактордың ашық тіркемесіне мініп, пәленбай шақырым жол жүреміз. Түсте қолмен шауып, баулаған қамыстың үстінде отырып, шай ішеміз. Күн кешкіре ауылға қайтамыз. Сол көрініс қыс бойы айна-қатесіз қайталанады.

Бақытты әңгімеге тартамыз. Ашыла қоймайды. Тағдырдың ащы соққысын жегені, озбырлықтың әділетсіздігінен аузы күйгені байқалып тұрады. Өмір дегенді қойсаңшы. Күні кеше ғана пейілі Ащыкөліндей шалқып жатқан ауылдың ақеден баласы томаға-тұйық, салқынқанды азаматқа айналған. Оның себеп-салдарын іштей түйсінгенмен, оқиғаның толық жай-жапсарын уақыт өте Бақыттың өз аузынан естідім.

Сонымен... Қазақстанның 40 жылдығы атындағы совхозда туып-өскен Бақыт әскер қатарынан оралған соң ауылында жұмысшы болып істеді. Әскери мамандығы бойынша фелдшер. 1986 жылы Алматы қаласындағы зооветеринарлық институттың студенті атанды. Көп ұзамай өмір жолы мүлде басқа арнаға бұрылатынын қарапайым, көпбалалы отбасында өскен ауыл баласы қайдан білсін?

Қызығы мол студенттік кезең басталды. Ветеринарлық факультеттің № 7-жатақханасы. Шетелдік студенттерден жасақталған бөлмеде басшылардың шешімі бойынша Бақыт эфиопиялық Фента, мадагаскарлық Жан деген жігіт үшеуі бірге тұратын болды. Мына қызықты қараңыз! Фента ағылшын, Жан француз, Бақыт қазақ, орыс тілінде сөйлегенмен араларында жылы сыйластық тез орнады. Уақыт сынапша сырғып жатты. Ақыры алып империяны дүр сілкіндірген «Желтоқсан оқиғасы» да келіп жетті.

Қалған әңгімені Алматы қаласындағы «Тәуелсіздік, 1986 Желтоқсан» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бақыт Байниязовтың сөзімен өрбітсек:

– Желтоқсан айының 16-жұлдызында кешкұрым «Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Д.Қонаевты орнынан алыпты» деген хабар Алматы маһарын шарлап кетті.

Ертеңіне яғни, 17 желтоқсанда сабақ болмады. Брежнев атындағы алаңға жиналдық. Адам көп, әрқилы пікірлер айтып жатыр. Сол күні өзіммен қатар оқитын Өтепов Әлжан, Жарықбасов Марат үшеуміз бірге жүрдік.

Жастар трибунада тұрған басшыларға «болған жайтты Қонаев шығып, өзі түсіндірсін» деген талап қойды. Сәлден соң «Қонаевтың орнына Ресейден Колбин деген біреуді әкеліпті» дегенді естідік. Алаңдағы жастардың қолында «Әр ұлтқа өз көсемі» деген плакаттар көтеріліп, жиналғандар «Менің Қазақстаным» әнін қосыла айттық. Біздің жатақханамыз алаңға жақын болғандықтан, арасында тамақ ішіп келіп жүрдік. Кешке қарай солдаттар мен милициялар көбейіп, жанжал, төбелес басталды. Сол жерден қашып жатақханаға келдік. Бөлмелес шетелдік жігіттерден оларда мұндай қақтығыс болып тұратынын естідім. Фента өз елінің билік партиясының адамы болған. Оның айтуынша өлген, жоғалған адам болса ешкім жауап бермейді екен.

Ертеңіне 18 желтоқсан күні алаңның жанында қоршауға түсіп қалдық. Сәтбаев пен сол кездегі Мир көшесінің қиылысында бір топ жастарды милиция мен солдаттар қаумалап ұстады. Майор шеніндегі офицер бізге қолындағы пистолетін кезеніп, солдаттарға «Шаг в право, шаг в лево, на поражение стреляйте!» деп бұйрық берді. Өзі ата жауын кездестіргендей қалшылдап, кіжінеді. Кім, қанша адам ұсталды, ешкімге белгісіз. Қолымызды қайырып сол жерде тұрған ППМ машинасына апарып тиеді. Ұрып-соғып, қыз-жігіт демей, автобусты толтырды. Артқы бөлігі темір тормен қоршалған екен. Қанша жүргеніміз белгісіз, біраздан кейін бір жерге келіп тоқтадық. Бізді Целинный кинотеатрына жақын Совет аудандық милиция бөліміне әкелген екен. Есік ашып, бір-бірлеп түсірді. Жол мен милиция ғимаратының арасы 5-10 метрдей болады. Далада қолдарына темір таяқ ұстаған, екі қатар адамдар легі тұр. Саптың ортасымен біреуден жіберіп жатыр, ұрып, теуіп өткізеді. Соққыдан жолда құлап жатқандар көп.

Менің кезегім келгенде алдымдағы жігіт құлап қалып, орнынан тұруға көмектескенмін. Басыма соққы сарт ете түсті. Мұрттай ұштым. Сол таяқтың салдарынан басым қазір де ауырады. Қамақ бөлмесіне зорға жетіп, талықсып кетіппін. Киреберістегі темір тордың ішінде қанша уақыт жатқанымды білмедім.

Бір милиция қызметкері мені әжетханаға ертіп апарып, бет-аузымның қанын жудыртты. Сәл тазарған соң тергеушіге кіргізді. Сұрақ-жауап басталды. Қалтамды тінтіп жатақханаға берілген рұқсат қағазын тауып алып, студент екенімді білді. Тергеу түн ортасына дейін созылды. Қолыма нөмір беріп, түрлі кейіпте суретке түсірді. Өздері «естелік үшін» деп кекетіп қояды. Түн ортасы ауа қамаудан босатты. Жатақханаға сүйретіліп, зорға жеттім. Сол сәттен бастап өмірімдегі азапты кезең басталды. Деканатқа шақырып, жиналысқа салды. Күнде тергеуге шақырады. Комсомолдан шығарды. Күнде жиналыс. Ректор «балам, ешкімді алаңда көрдім деп айтпа, кейін келіп оқисың» деп өтініш айтты.

Целинный кинотеатры жанындағы ГУВД шақырып, рұқсат қағаз жасатып өзіме жеке тергеуші тағайындады. Күнде екі мезгіл жауап берем, паспортым сол тергеушінің қолында. Бір күні альбом көру басталды. Кабинетте екеуден-екеу болдық. Суретке сәл кідірсең тергеуші «танисың ба?» деп тықақтайды. Мен танып тұрсам да «жоқ» деп басымды шайқаймын. Қанша қинаса да, ешкімді ұстап бермедім. Ақыры қылмыстық іс тергеліп бітті.

Ертесіне участковыймыз деп екі милиция жатақханадан алып кетті. Марат, Әлжан үшеумізді Калинин аудандық сотына апарды. Ісімізді сотқа жіберген екен. Сот төрайымы екі әйел үшеумізге «бұл студенттер бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, артық ешнәрсе айтпайды» деп бұрқылдап, 10 тәулікке қамауға үкім шығарды. Қамау мерзімі біткенде 10 сом айыппұл салды. Студентке әжептәуір пұл. Менде ондай ақша қайдан болсын? Бөлмелес жігіттерден алып беремін дедім. Сот орындаушылары зорға келісті. Қолыма кісен салып жатақханаға «Уаз» көлігіне тиеп, алып келді. Жатақханадағы таныстардан қатты қысылдым. Айдауылдарға «аға, қолыма кісен салмай-ақ қойыңыздаршы?» деп жалындым. Қайдағы? Маған «сволочь, аузыңды жап, қашып кетесің» деп дүрсе қоя берді. Жатақханаға кірген соң кісенімді шешті.

Біреуі алдымда, екіншісі артымда екі милиция ұзын коридормен айдап келеді. Жатақханадағылар маған үнсіз, тесіле қарайды. Бөлменің есігін қақтым. Іштен екі жігіт шыққанда айдауылдар шалқасынан түсе жаздады. Шетелдіктерді кездестіреміз деп ойламаса керек. Асып-сасып, жандары қалмай менен бұлардың кім екенін сұрады. Мәнісін түсіндіріп, айыппұлдың ақшасын сол екі шетелдік азаматтан алып бердім. Милициялар алды-артына қарамай зыта жөнелді. Бөлмелес үш дос құшақтаса қауыштық. Ал ертеңіне КГБ қызметкері іздеп келді. Институтқа шақырып, «бес тәуліктің ішінде Алматыдан кетемін, енді келмеймін» деген қолхат жаздырып алды. Құжаттарымды алып ауылға жол тарттым, – деді ол.

Желтоқсан жарасы әлі жазылған жоқ. Қаншама боздақ қыршынынан қиылып, қаншама жас мүгедек болды. Небір өрімдей өрендердің өмірі тозаққа айналды. Қаншама жас жазықсыз сотталды, қудалауға түсті, оқудан шығарылды. Алайда озбыр империяның жендеттері қасқырдай қайсар қазақ жастарының сағын сындыра алмады. Солардың бірі ақ бұлтты Ақтан батырдың, әулие Қожаназар ишанның ұрпағы, Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері Серікбайдың ұлы Бақыт Байниязов еді.

Айтпақшы, Бақыттың жұбайы Оразкүл Қаржаубайқызы да – Желтоқсан көтерілісіне қатысушы. Бойында батырдың қаны тулаған Бақыт пен Оразкүлдің шаңырағында ел келешегі болар ұрпақ өсіп келеді.

Қазалы ауданы

## Оқуға шақырады

«Qazaqstan-Finance» ЖСШ «Бухгалтер, Қаржы саласы маманы, IT-программист, администратор» мамандықтары бойынша жастарды ақысыз оқуға шақырады! Оқуды сәтті аяқтаған жағдайда компанияға жұмысқа тұру мүмкіндігі беріледі. Бухгалтер мамандығы немесе қандайда бір мамандық бойынша диплом, жұмыс өтілі (стаж) болу міндетті емес!

**Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Астана даңғылы, KMF ғимараты, 1-кабинет. Байланыс тел.: 8777-050-37-40.**

«МАҒЖАН И К» ЖШС сапалы әрі мол өнім алуға болатын күріштің «Элита» , «1-репродукция» және жоңышқаның «Жетісулық жергілікті», «Түркістан-15» тұқымдарын ұсынады.

Байланыс тел.: 8-705-706-70-00, 8-701-512-00-86.

E-MAIL: AIZHAN@ABZAL.ORG

(10-5)

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 26175 Тапсырыс №1691**

Кезекші редактор **Биболат СӘТЖАН**